



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№42 (631)
23 қазан,
2025 жыл



КЕҢ БАЙТАҚ РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырапты мекен өткен қазақтай асқақ рухты өліміз егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын қарсы алуда. Тәуелсіздіктің таңы атып, елдігіміз тұғырға қонғалы бері жаңа заманның еркін ойлы өрендері мен жастары қалыптасуда. Тәуелсіз елдің ұландарының кеудесінде асқақ арман мен биік мақсат бар.

Бастауыш сыныпта оқитын Нұртөре өзінің Республика күні – ұлттық мерекесіне арналған тақпағын аяқтап болып, соңында «Кең байтақ Республика менің» деп нүктесін қойды.

– Нұртөре, Республика деген не? – дедім.

Ол сәл үнсіз қалды. Содан соң:

– Республика, ол – Қазақстан, –

деді сөзін жалғап. – Апай бізге солай

айтты. Әрбіріміздің үйіміз – бір Отан.

Сондықтан ол қастерлі.

Бастауыш сынып оқушысының санасындағы осы Отан деген қасиетті ұғымның қалыптасқанына қуандым. Өдетте ілім-білім атаулы бала күннен санаға сіңеді. Тәрбие де солай. Шағын мемлекет аталған отбасында баланың түсінігін ауқымды қалыптастырса, ол ертеңгі күні тек бір үйдің емес, бір елдің тағдырын ойлайтын тұлға болмақ. Әрбір үйдің төрінде бір-бір ұлт көшбасшысы өсіп келеді.

Санаға салмақ салып отырғанымыз жоқ. Бірақ осы байтақ елдің ертеңгі таңын емес, жеке бастың қамын көп ойлап кететініміз бар. Әрбірден соң сол қоғамды құратын да адам емес пе?! Егемен елдің ертеңгі нұрлы болуы үшін әрбір отандас мойындағы жауапкершілікті ұғыну керек. Біз сол Отанның шаңырағын бекем ұстап тұрған уық екенімізді білгеніміз абзал. Өзіміз білгенді кейінгінің санасына сіңіру – мойындағы миссияның бір бөлшегі. Нұртөренің айтқандай, Отан ұғымы бесіктен енді шыққан, белі қатаймаған

баланың аузында ғана емес, ойында, санасында сілкініс жасап тұрса, қанеки.

Отан, туған жер, туған тіл – ұлт екенімізді көрсетіп, біздің де мына бес күн жалғандағы орнымызды айғақтайды. Қазақ екенімізді жарты әлемге айтпай-ақ, танитын белгіміз осылар. Кешегі айтыстардың бірінде Жандарбек Бұлғақов «Қазақстан көп ұлтқа ортақ болса, қазақ тіл де ортақ тіл болу керек» деп кесіп айтқан. Мұнысы кешегі Президент Жолдауындағы «Қазақ тілі ұлтаралық тіл болады» деген игі бастаманың жалғасын тапқанын қалағаны шығар... Әр қазақ өзінің ұлттық құндылығын, елдігін ерлікпен қорғап жүрсе, байтақ Республикамыздың да дүние тұрғанша тұратыны айқын.

Осы сенбіде – ұлттық мереке. Республика күні. Қазақтың алған асуы асқар шыңда болып, бағындырған белесі биіктей берсін. Тәуелсіз қазағымның мерейі тасып, мәртебесі аса берсін.

Дәулет ҚЫРДАН



ТІЛ ТҰҒЫРЫ – ЕЛ ҒҰМЫРЫ

Кемеңгер жазушы, Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тіл – елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш».

Иә, бүгін қозғайтын тақырыбымыз тіл мәселесіне арналады. Қанға ана сүті арқылы дарыған тілдің ұлттың жаны екенін біліп, естіп, жүрекпен сезіп өстік. Ол бірде өркендеп халықтың ең басты рухани қазынасына айналса, енді бірде тарих сахнасынан мәңгіге өшіп, тұтас бір халықтың тарихын, мәдениеті мен болмысын өзімен бірге ала кететін қауқары бар. Кейінгі уақытта тіліміздің қолданылуы күрделі мәселеге айналғанын байқалдық. Қай жерде, қашан шалыс бастық? Қарастырып көрейік.



САҒЫНЫШ ҒҰМЫР

Қазақ өнер әлемінде сыршыл поэзия мен әуезді әндердің сазын жазған дара талант иесі Елена Әбдіхалықова – еліміздің мәдениет кеңістігінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан өнерпаздардың бірі. Ол – ақын, әнші-композитор ретінде ел жүрегіне жол тапқан «Біргемін мен сендермен», «Есіңе мені алғайсың», «Қазақ елі», «Сыр елі», «Жан жылуы», «Көздеріңе ғашықпын» секілді әндердің авторы.

Елена Әбдіхалықова Қызылорда облысында дүниеге келіп, өнерге деген қызығушылығы жас кезінде басталған. Өн өнерінің қыр-сырына қанығып, сазгерлік қабілетін шыңдай отырып, тыңдарман қауымның сүйікті авторы мен орындаушысына айналды. Өнерге адалдық пен ізгілік жолын ұстанған ол – бүгінде қазақ музыкасының алтын қорына енген көптеген әннің авторы.

7-бетте

Өткеніне үңілсең ғасырлардан сыр тартатын, бүгінін бағамдасаң келешегінің кемелдігін аңғартатын Қызылорда Алаштың анасы ғана емес, айбары да болып үлгерді. Биыл Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толып отыр. Осыдан бір ғасыр бұрын Қазақ мемлекетінің астанасына мұндай атау беруді кім ұсынды? Бұл идея қайдан туды? Жалпы Қызылорда атауы нені білдіреді? Қызылорданың 100 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында осы дүниелерді сөз өткенді жөн санадық.

ҚЫЗЫЛОРДА. ПАРАСАТ. ПАЙЫМ

ПАРАСАТ ҺӘМ ЛАЙЫҚТЫ
ШЕШІМ

Тарихқа көз жүгіртсек, 1925-1929 жылдары Қызылорданың ел астанасы болғаны айтылады. Орынбордан Ақмешітке орталық қаланы ауыстырғанда саяси элита да Сыр бойына келген болатын.

Архив құжаттарын негізге ала отырып, тарихи деректерді сөйлетең болсақ, 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде бес күнге созылған съезд өтіпті. Бұл жайында облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Г.Жалғасова «Алаштың алты қанат ақ ордасы» атты мақаласында: «15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды» деп жазады. Бұл съезде ұлтымыз бен қаламызға қатысты екі тарихи шешім қабылданған. Олар ресми құжаттарда қырғыз аталып келген ұлт атауын қазақ етіп, тарихи қателікті жөндеу және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту болды.

5-бетте



НҰРЖҰМАН ПІРНАЗАРОВ:

БӘРІНЕ БІРДЕЙ ЖАЙЛЫ ОРЫН ҚАЙДАН БОЛСЫН?

Бүгінгі жастың алдында мүмкіндіктер алаңы тұр. Не істеймін десе-дағы қолын қағып жатқан, алдынан кесе көлденең тұрған кедергі жоқ. Жұмысқа тұрамын десе, мемлекеттік бағдарламаның сан алуан түрі бар. Тіпті жоғары оқу орнын мемлекеттік грант бойынша тәмамдаған әрбір жас мемлекеттік мекемелерге конкурстық жұмысқа тұра алады. Ал тыңнан түрең салып, кәсіп ашамын десе қайтарымыз қаражат беріп, грант табыстап жатыр. Жастардың мәселесін сол ортаның бел ортасында жүргендерден сұрап білдік. Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржұман Пірназарұлымен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



– Нұржұман Пірназарұлы, аудан жастарының көшбасшысы ретінде танимыз. Елдегі жастың белсенділігі қандай? Оларды қандай мәселелер толғандырады?

– Әрине, жастардың белсенділігі қуантады. Қоғамның барлық саласында жұмыс істейтін жастардың басын қосып, бірнеше мәрте кездесу өткіздік. Барлығымызға ортақ чат бар. Сол жерде ұсыныс-пікірлерді тыңдап, зерттеп, зерделейміз.

Аудан жастарына мотивация беру мақсатында 2023 жылдан бері аудан әкімінің жастар сыйлығы беріліп келеді. Ө дегенде сыйақы

мөлшері 100 мың теңге болды. 2024 жылы бұл көлем 150 мыңға жетті. Бүгінге дейін 30-ға жуық жас осы сыйақыға қол жеткізді.

Бастамашыл топтарға бағытталған аудан әкімінің гранты да көп жастың қолтығынан сүйеді. 2023 жылдан бері 30-дан астам грант берілді. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу бағытындағы бірқатар жобаны қаржыландырдық. Ауылдағы үйірмелерді үстел теннисі, домбыра, садақ тәрізді керек-жарактарымен қамтамасыз етуге күш салдық.

6-бетте

ҚАРАКӨЗ АРАПХАНОВА:

ҚЫЗЫЛОРДАНЫ ТАЗА ҚАЛА ДЕГЕНДЕ ТӨБЕМ КӨККЕ ЖЕТКЕНДЕЙ ҚУАНАМЫН

Гүлденген Қызылорданың артында үлкен еңбек жатыр. Бірнеше бригада қала тазалығы мен абаттануына атсалысып, маңдай терін төгіп жүр. Күн сайын қала көшелеріндегі тынымсыз тіршілік көз алдымызда. Иә, иә, олар бір тынбайды. Бірде гүл егеді, тағы бірде газон төсейді. Ал одан қалған уақытта ескерткіштерді, скверлер мен аллеяларды тазартып жүреді. Қаракөз Арапханова – осы қатарда еңбек етіп жүрген жан.

Ол – қала іргесіндегі Қоғалыкөл ауылының тұрғыны. «KAZSTROYCAPITAL Kuzylorda» компаниясы өңірге келгенде алғашқылардың бірі болып елді мекеннен 18 адам жұмысқа орналасқан. Осы күні мекеме қызметкерлердің қатынауына арнайы автобус

қарастырыпты. Таңертең бәрі бірге жұмысқа келіп, кешкілік бірге үйді-үйге тарайды.

3-бетте



Басы 1-бетте



ТІЛ ТҰҒЫРЫ – ЕЛ ҒҰМЫРЫ

«Instagram», «TikTok», «YouTube» сияқты платформаларда қазақтілді блогерлердің контентін бағалап көрдіңіз бе? Ондағы дүниенің көбі сападан гөрі, арзан күлкі мен «хайптың» ықпалына құрылғанын байқайсыз. Дөрекі сөздер мен бірнеше тілдің үйлесімі қолданылады. Филолог ғалымдардың айтуынша, әлеуметтік желідегі мұндай тілдік қолданыс «код-свитчинг», яғни бір сөйлемде екі тілді араластыру құбылысын қалыптастырып, тілдің ішкі заңдылықтарын бұзады. Бұл тілдің бар мүмкіндігін шектеп ғана қоймай, ұлттық болымысымызға жат құндылықтарды енгізеді. Мұндайда Мұстафа Шоқайдың: «Балаға қай тілде білім берсең, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» деген сөзі ойға келеді. Себебі баланың ойлайтын, сөйлейтін, үйреншікті тілі оның мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Ал өзге тілді күнделікті қолданысқа енгізсек, басқа елдің әдебін де бойымызға сіңіреміз.


Рас, кейде ойды жеткізу үшін сөз таба алмай, басқа тілге жүгінесің. Тіпті аудармасы жоқ деп, қолды бір сілтейміз. Алайда қазақ тілінің байлығы біз ойлағаннан да терең. Мәселен, бір ғана жылқы сөзінің өзі ат, құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті, айғыр, бие, байтал сияқты баламаға ие. Бұл – тіліміздің қаншалықты бай екенінің кішкентай ғана дәлелі.

Өзге, оның ішінде орыс тілінің күнделікті қолданысқа енуі тек әлеуметтік желіде ғана емес, кино мен фильмдерде жиі кездеседі. Туындылардағы тіл мәселесіне мінберде жүргендер де алаңдаулы. Мысалы қазір «Тырна», «Игрок», «Шекер», «Сәке» секілді жаңа форматтағы сериалдар көбеюде. Бұл туындылар расымен өзекті мәселелерді қозғайды. Дегенмен қазақ көрерменіне тек орыс тілінде ұсынылып және тілдік лексиканың дұрыс қолданылмауы көрерменге жағымсыз ықпал етеді. Кейінгі уақытта отандық киноиндустрияда «шынайылықты көрсету» деген желеумен дисфемизмді, бопсалау сөздерді қолдану сөнге айналды. Кейбір режиссерлер мен сценаристер кейіпкердің образын ашу үшін, оқиғаның драмасын қоюлату үшін фильмге алып-салма сөздерді қосуды қалыпты жағдай санайды. Алайда, бұл «шынайылық» көбіне әдепсіздіктің насихаттауға ұласып, жасөспірімдердің санасына дөрекілік қалыпты жағдай ретінде сіңеді. Экрандағы сүйікті актері айтқан әрбір әдепсіз сөз жанкүйер үшін еліктеу үлгісіне айналатыны сөзсіз. Бұл туралы депутат Құдайберген Бексұлтанов

Мәжілістің жалпы отырысында өз пікірін білдірді. Ол фильмдер арқылы дөрекілік пен арсыздық насихатталып жатқанын айтып, онсыз да әлеуметтік желілерде мұндай дүниенің өршіп тұрғанын жеткізді. Аталған фильмдердің көрсетілуі жағдайды ушықтырады. Оларға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінсе, бұл нағыз апат болатынын ескертті. Бұл мәселеге Мемлекет басшысының өзі де алаңдаушылық білдіргенін айтты.

Расымен, фильмнің кейіпкерлеріне еліктеу үлкен дауға айналып отыр. «Ordakazakhstan»-ның осы мәселеге қатысты өткізген сауалнамасында қатысушылар «Кейде зорлық-зомбылықты көрсету үшін фильмде орынды қолдануға болады», «Балағат сөздер балаларға жаман әсер береді, себебі олар естігеннің бәрін сіңіріп алады. Сол үшін балағат сөздер әр адамға әрқалай әсер етеді», «Дөрекі сөздер құлаққа жағымсыз естіледі» деген секілді пікір білдірген. Фильмдерде көбіне аудиторияның жасына шектеу қойылатынын ескерген жөн. Бірақ оған қарамастан балаларға мұндай фильм көруге біз тыйым салмаймыз. Отандық фильмдердегі тіл мәселесі әлі де өзекті. Ол болашақ буынға үлгі. Бірақ ата-ана ретінде баланың тұтынатын контентін бақылау да маңызды. Ол тек мемлекеттің мойнына жүктеліп қойылатын мәселе емес. Ата-аналар балаларға бейжай қарамай, оның не көретінін қадағалап отырса, жас буынның тілдік мәдениеті мүлдем басқа деңгейде болар ма еді? Сондықтан қазақ тілінің сауатты қолданылуы, дөрекілікке ұласпауы бірінші өзімізге байланысты.

Әрі қарай жалғастырсақ,



бұл кино немесе әлеуметтік желідегі ғана мәселе емес екенін аңғарамыз. Қазіргі заманауи музыка өнері де біраз өзгеріске ұшырады. Қазақ әншілері тек орыс тілінде ән жазып, кейде тілдің екпінін дөрекілікке аударады. Десе де ырғағы, дөрекі сөзі тыңдарманды үйіріп әкетеді. Сәт сайын жаңартатын интернет кеңістігінде барлық контентті бақылау мүмкін емес. Сондықтан

желіде дөрекі жазбалар да көп. UNICEF мәліметінше, Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің 81%-ы бастауыш мектеп жасынан бастап интернетті белсенді қолданады, олардың 73%-ы әлеуметтік желілерде тіркелген. Ұлыбританияда 8-17 жас аралығындағы балалардың 81%-ы кем дегенде бір желіні қолданады. АҚШ-та 8-12 жас аралығындағы балалардың шамамен 40%-ы ғаламтордың әлеуметтік қосымшаларын пайдаланады. Бұл санақ ақпарат әлемінің, әсері көбіне психикасы енді қалыптасып келе жатқан жас буынға ықпал ететінін көрсетеді. Оның әсерінен жасөспірім видео мазмұнында қолданылған сөздерді, әрекетті қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Олардың бойында «Миллион қаралым жинап жүрген адам осылай сөйлесе, мен неге қалуым керек?» деген ой туып, зиянды әрекеттерге әуес болады. Блогерлердің іс-қимылы мен сөйлеу мәнері жас буынға үлгі болатын кездер де аз емес. Қазақстандағы жасөспірімдер арасында әлеуметтік желілерді шамадан тыс қолдану тақырыбында 2018 жылы жүргізілген зерттеу жасөспірімдердің 6,9%-ы әлеуметтік желілерді проблемалық деңгейде пайдаланғанын анықталды. 2022 жылы бұл көрсеткіш 12,7%-ға дейін өсті. Қалалық мектеп оқушылары арасында 14,4%-ға жетсе, ал ауылдық жерлерде 10,2% болды.

Әлеуметтік желі – шығармашылық, ерекшеленудің, көрген-білгеніңмен бөлісу мүмкіндігі. Бірақ кино мен музыкада контентті белгілі бір дәрежеде бақылау мүмкіндігі болса, әлеуметтік желідегі жағдай әлдеқайда күрделі. «TikTok», «Instagram», «YouTube» сияқты платформаларда кез келген адам ешбір сүзгіден өтпеген контентті миллиондаған аудиторияға тарата алады. Қысқа видео, пранк, вайндар арқылы танымалдылыққа ие болған кейбір блогерлер өздерінің дөрекі сөйлеу мәнерін «шынайылық» пен «қарапайымдылықтың» белгісі ретінде көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, жас аудиторияның тілдік нормаларға деген көзқарасын өзгертіп, сауатсыздықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауына ықпал етеді. Олар блогерлерге қарап дөрекілікті «өзіндік стиль», «мықтылықтың» көрінісі ретінде қабылдайды. Кейін ол бір баладан екіншіге тарап, бөлек мәдениетке айналады. Ғаламтордағы сауатсыздық пен тілдің бұзылуының алдын алу өте қиын. Себебі виртуалды әлемдегі қарым-қатынас жылдамдыққа негізделген, сондықтан көпшілік орфографиялық немесе пунктуациялық ережелерге мән бере бермейді. Алайда бұл мәселеге көз жұма қарауға болмайды. Себебі әлеуметтік желіде қалыптасқан сөйлеу дағдысы біртіндеп күнделікті өмірге де көшеді.

Тіл – жай ғана қарым-қатынас құралы емес. Ол – ұлттың жаны, оның бүкіл болмысы, өткені мен болашағы. Егер оған дөрекілік сөздердің шаңы қона берсе, ұлт ретіндегі рухани тұғырымыздың шайқалатыны анық. Сондықтан бүгінгі контенттегі тіл мәселесі – баршаға ортақ жүк. Сапалы қазақтілді контентті қолдау, бала тәрбиесіне мән беру және ана тіліміздің тазалығын сақтау – ортақ мақсат болуы тиіс.

Мерей ШӘКРАТ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Кәрімова оқу орнында жыл бойы атқарылған жұмыстар, жеткен жетістіктер мен алдағы жоспарлары туралы есеп беру кездесуін өткізді. Кездесу барысында университеттің дамуы, халықаралық рейтингтердегі жетістіктері, цифрлық трансформация және жастарға жасалып жатқан қолдау шаралары жан-жақты баяндады.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНЕ БЕТ АЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың цифрлық трансформация жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында университет толық автоматтандыру үдерісін қолға алды, – деп сөз бастады Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

ІТ аудит нәтижесінде оқу орнында есептеу қуатын үнемдеу мақсатында бұлтты инфрақұрылымға көшу жүзеге асырылған. Сондай-ақ бесінші оқу корпусы аумағында деректерді өңдеу орталығының құрылысы жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Microsoft 365 платформасы сатып алынып, басқару процестері электрондық форматқа, оқу процесі гибридіті формаға көшірілген. 2025-2029 жылдарға арналған «20 қадам» цифрлық трансформация және киберқауіпсіздік жол картасы әзірленді. Сонымен қатар 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарына 415 сапалы моноблок алу жоспарланып отырғанын баяндады.

– Бұл шаралар ақылды кампус құруға, операциялық шығындарды азайтуға және университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді ректор.

Бейбіткүл Сәрсемханқызы университеттің халықаралық беделі жылдан жылға артып келе жатқанын атап өтті.

2023 жылы Қорқыт ата университеті алғаш рет QS WUR жаһандық рейтингінде 1201-



– ҚР Жоғары білім және ғылым министрі Саясат Нұрбек студенттердің сыртқы академиялық мобильділігін дамыту міндетін қойып отыр. Осыған орай кейінгі екі оқу жылында 202 студент шетелдік университеттерде білім алды. Атап айтқанда Польша, Бельгия, Әзбекстан, Оңтүстік Корея, Қытай, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен серіктестік орнады. 2024 жылы университет Түрік университеттері одағының ORKHUN бағдарламасына енді, – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Жас ғалымдарды қолдау мақсатында университет ішінде бөлінетін грант көлемі жыл сайын артып келеді. Мәселен аталған бағытта 2021 жылы 10 млн теңге бөлінсе, 2024 жылы – 20 млн теңге, 2025 жылы – 30 млн теңге қаражат бөлінген.

Қазір университетте 22 жастар ұйымы мен 11 спорт секциясы жұмыс істейді. 2024-2025 оқу жылында республикалық пәндік олимпиадалар бойынша 80 жеңімпаз, ал ЖКЖБ 32 жеңімпаз шықса, ҚР Президент стипендиясын алғандар саны 26-ға жеткен.

Бүгінде университетте 11,7 мыңнан астам студент білім алады, олардың 40 пайыздан астамы мемлекеттік грант иегері. Сыр өңірінің басты оқу орнында еліміздің барлық аймағынан жастар жиналған. Өзге өңірлерден келген сту-



1400 орын аралығында көрініп, 2025 жылы «4 жұлдыз» сапа белгісін иеленді. Бұл – оқыту сапасы, тиімді басқару, академиялық даму, инфрақұрылым, еңбек нарығына бейімделу, халықаралық серіктестік, қоршаған ортаға әсер және инклюзивтілік бағыттарындағы жоғары көрсеткіштердің нәтижесі.

Сондай-ақ университет QS Asia University Rankings – 2025 рейтингінде Азия елдері арасында TOP 541-560, ал Sustainability 2025 тізімінде TOP 1401-1450 қатарынан көрінді.

– Біздің университет жаһандық бәсекеге қабілетті білім ордасына айналып келеді. Бұл – ұжымдық еңбектің нәтижесі, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

UI GreenMetric рейтингінде университет 1160-орында, ал Times Higher Education Global University Impact Rankings – 2025 жүйесінде 1501+ позициясына тұрақтады. Ұлттық рейтинг бойынша Қорқыт ата университеті НААР өткізген ең сұранысқа ие ЖОО арасында 7 орын иеленіп, республика бойынша ТОП-10 университет қатарына енді. 29 білім беру бағдарламасы республикада үздік үштіктер қатарында. Сондай-ақ университеттің алты білім беру бағдарламасы «Атамекен» палатасының бағалауымен ТОП-10 қатарына енді.

Есепті кездесуде жастар саясаты мен халықаралық серіктестік те ерекше атап өтілді.

денттер толықтай жатақханамен қамтамасыз етілген.

Биыл университетте шетелдік студенттер қатары да артқан. Ақылы бакалавриатқа – 687, грантка – 6 шетелдік қабылданса, тағы 6 шетел азаматы магистратурада оқып жатыр. Олардың қатарында Ресей, Әзбекстан, Монғолия, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан елдерінің азаматтары бар.

– Қандастарымыздың тарихи отанына келіп, тегін білім алуына барынша жағдай жасалып отыр, – деді ректор. Өткен жылы 21 қандас тегін оқуға қабылданса, был тағы 24 студентке арнайы грант тағайындалған.

Бейбіткүл Сәрсемханқызы 2025-2026 оқу жылында білім мен ғылымды ұштастырып, елдің адами капиталы мен ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыру бағытында жаңа жобалар қолға алынатынын жеткізді.

– Қорқыт ата университеті тек аймақтың емес, жалпы елдің зияткерлік орталығына айналуы тиіс, – деді университет басшысы.

Кездесу соңында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Есеп беру жиыны Zoom платформасы арқылы да онлайн форматта тікелей көрсетілді.

Қорыта айтқанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің даму қарқыны білім сапасын арттырумен қатар, халықаралық бедел мен цифрлық мәдениетті қалыптастыру жолында маңызды қадам болып отыр.

А.МАРАТҚЫЗЫ



№21 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТ БАЙТҰРСЫНОВ АЛМАС НҰРЛАНҰЛЫ



ӨМІРБАЯН

Байтұрсынов Алмас Нұрланұлы – 1991 жылы 18 маусымда Қызылорда қаласында дүниеге келді.

1998 жылы №8 П. Осипенко атындағы орта мектебінің табалдырығын аттап, 2009 жылы тәмамдады.

2009 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің музыкалық-педагогикалық факультетіне оқуға қабылданып, 2013 жылы «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолын 2014 жылы 13 қаңтарда «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК-ның «Мәдени іс-шаралар және халықтың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру» бөлімінің әдіскері болып бастап, осы күнге дейін түрлі жауапты қызметтерді абыроймен аткарып келеді.

2024 жылдың 1 тамызынан бастап А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінің директоры лауазымына тағайындалды.

Қызметтегі жетістіктері, қала мәдениетіне қосқан елеулі үлесі үшін «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен және қала, облыс басшылығының арнайы алғыс хаттарымен марапатталған.

Отбасылы, 5 бала тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі сайлаушылар!

Депутат – халық пен билік арасында байланыс орнатушы, жұртшылықтың мұн-мұқтажын тиісті орынға жеткізуші тұлға. Сондықтан мұндай мүмкіндікті елім деген әрбір азамат ел игілігі үшін пайдалануы қажет деп ойлаймын.

Сіздердің қолдауларыңызбен қалалық мәслихат депутаты атансам мынадай бағыттарда өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекетіміз 3 жыл ішінде цифрлы елге айналуы керек деп бастама көтеріп, жасанды интеллектіні барынша меңгеру қажеттігін қаперге салды. Осы орайда Қызылордада ЖИ мен цифрландыруға қатысты жобаларға қолдау көрсетуге;

Мемлекетіміз кәсіпкерлікті қолдауға басымдық беріп, кәсіпкерлердің жеке кәсібін бастауға қолайлы жағдай жасап келеді. Осы орайда отандық өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге;

Өзіме қарасты Тасбөгет кенті тұрғындарының толғандырған түйткілді мәселесін негізге ала отырып, оның шешімін табуына;

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша көркейту-көгалдандыру жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне;

Денсаулық сақтау, спорт салаларындағы жобаларды қолдауға;

Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында іске асырылатын жобалармен жұмыс істеуге;

Бүгінде балалардың ғаламторға тәлімдіріп отыруы алаңдатады. Олардың бос уақытын тиімді өткізу әрі салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру керек. Ол үшін оқушыларға қолайлы орта

қалыптастыру мақсатында үйірмелер мен спорттық секцияларды көбейтуге;

Қазіргі қоғамда балалардың қауіпсіздігі де күн тәртібіндегі мәселеге айналған. Бала біздің болашағымыз десек, оның құқығы тапталмауы қажет. Осы орайда Заң мен тәртіп қағидатын негізге ала отырып, балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне үнемі назар аударуға;

Сондай-ақ отбасылық-демографиялық ахуалдың қалыпты болуы да маңызды. Бұл ретте «жас ата-ана» мектебін қалыптастыру, бала тәрбиесінде бабалар тағылымына басты назар аударған жөн. Осы орайда бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың ұлықталуына;

Бүгінгі күннің осал тұсының бірі – ұлттық құндылықты өскелең ұрпақтың бойына сіңіру. Бұл бағытта «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жобасын қолға алған дұрыс. Соның аясында ұлттық құндылықтарды насихат-тау, қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге баса назар аудару;

Балалардың сапалы білім алуы мен емделуі жолында жүзеге асырылатын мемлекеттік жоба-лардың өз дәрежесінде жүзеге асуына;

Заман дамыған сайын халықтың қажеттілігі мен сұранысы артатыны белгілі. Осы тұста маған сенім артқан әрбір тұрғынның өзекті мәселесін мінберлерде қозғауға, еліміз үшін тиімді, пайдалы істердің жүзеге асуына атсалысуға уәде беремін.

Туелсіз Қазақстанның алдында «Жаңа, Әділетті әрі цифрлы Қазақстанды» құру міндеті тұр. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі мүдделі екенін естен шығармайық. Ашық, саналы қоғам құру арқылы бірлігімізді нығайтып, еліміздің бұдан әрі өркендеуіне жол ашамыз десек, Заң мен тәртіп қағидатын берік ұстануымыз қажет. Біз – болашағы жарқын Қазақстанның бүгінгі тұтқасымыз. Сондықтан сайлаушыларды маған дауыс беруге шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІРМЕЙДІ

«Ұлтқа қызмет ету – мінезден» дейді Әлихан Бөкейханов. Әрбір азаматты тану үшін бір әрекеті жетіп жатыр. Өйткені «теңіздің дәмін білу үшін барлығын тауысып, ішу міндетті емес». Алмас Байтұрсыновтың бойындағы ерік-жігері, азаматтық ұстанымы оның халықтың аманатын орындай алатын азамат екенінен хабар береді.

Ұлт руханиятының тұғырдан түспей, тек мәдениет саласындағы ғана емес, қоғамның барлық саласындағы мәселелердің шешілуіне атсалысатынына сенемін. Қала іргесіндегі Тасбөгет кентіндегі қордаланған түйткілдерді шешуге, елдің көкейіндегі жауапсыз сан сауалдың тарқауына барынша атсалысатыны анық.

Алдағы уақытта Алмас Нұрланұлының халықтың ойындағысын дөп басып, елдің көкейіндегісін шеше алатын, антына берік, мандатына адал депутат болатынына сенім білдіремін.

Мейрамбек НҰРТАЗА

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

«АҚМЕШІТ» – ЖЕҢІМПАЗ



Қызылордалық әріптестеріміз сан алуан саланы бағындыра алатынын тағы бір дәлелдеді. 25 қазан – Республика күніне орай жуырда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында шағын футболдан «Majilis Cup – 2025» республикалық турнирі өтті. Онда жерлестеріміз топ жарды.

Бұл жарыс Парламент Мәжілісінің бастамасымен төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Іс-араның мақсаты – депутаттар мен журналистер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, салауатты өмір салтын дәртіптеу. Биыл турнирге еліміздің әр өңірінен 20-ға жуық команда қатысып, жеңімпаздар арнайы кубокпен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

Турнир нәтижесі бойынша ерекше ойын көрсеткен қызылордалық «Ақмешіт» футбол командасы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Елорда төрінен бас жүлдемен оралды. Ал астаналық журналистерден құрылған «ANews» командасы 2-орын иеленсе, үздік үштікті «KFF Media» командасы түйіндеді.

Әріптестерімізді жеңіспен құттықтаймыз!

ОБЛЫСТА ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ 1,3 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕДІ

Қызылорда облысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелу деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға төмендеді. Аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Серік Токтыбаев мәлімдеді.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын құқықбұзушылықтар саны азайды. Жыл басынан бері жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында білім беру ұйымдарында тоғыз мыңнан аса кездесу өткізілді. Облыс аумағында күнделікті «Түңгі қала», «Квадрат» рейдтік іс-шаралары ұйымдастырылып келеді. Қылмыстың алдын алу және өсуіне жол бермеу үшін жаяу нарядтардың саны арттырылып, криминогендік аймақтарда жедел шаралар жүргізілді, – деді Серік Әбдімәуленұлы.

Оның айтуынша, қылмыстың алдын алу бағытында жаяу нарядтар саны көбейіп, криминогендік аймақтарда жедел шаралар күшейтілген.

– «2024 – 2026 жылдарға арналған ұрлықтарға қарсы іс-қимыл» бағдарламасы аясында бірқатар тиісті профилактикалық шаралар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысының тіркелуі 50,5 пайызға азайып, ашылуы 9,6 пайызға жақсарды, – деді Серік Токтыбаев.

Жедел-ізвестіру шаралары барысында мал ұрлығымен айналысқан 5 қылмыстық топтың әрекеті әшкереленіп, олардың 25 дерек бойынша заңсыз әрекеттері анықталды. Мал ұрлықтарының алдын алу мақсатында тұрақты рейдтер ұйымдастырылып, белгіленбеген орындарда қараусыз жүрген мал иелеріне қатысты 851 әкімшілік шара қолданылған.

Ветеринария қызметкерлерімен бірлесе жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 364 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелсе, оның 279-ы мал немесе ет өнімдерін заңсыз тасымалдау деректері болып отыр.

Бұдан бөлек, өңірде киберқылмыс пен есірткі саудасына қарсы күрес те жүйелі түрде жүргізілуде. 5 мыңнан астам алаяқтық белгілері бар сайт пен сілтеме анықталып, бұғаттау үшін «Кибернадзор» жүйесіне енгізілді. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл саласында 237 құқық бұзушылық анықталды.

Сонымен қатар, облыс жолдарында есепті мерзімде жолда жүру ережесін бұзудың 236 мыңға жуық дерегі тіркелген. Полиция департаменті өкілдерінің айтуынша, қабылданған шаралар өңірдегі қылмыстың төмендеуіне және қоғамдық тәртіптің нығаюына оң әсерін тигізіп отыр.

«АЖ-ақпарат»

Басы 1-бетте

Қаракөз АРАПХАНОВА:

ҚЫЗЫЛОРДАНЫ ТАЗА ҚАЛА ДЕГЕНДЕ ТӨБЕМ КӨККЕ ЖЕТКЕНДЕЙ ҚУАНАМЫН

– Бір үйдің адамындаймыз. Таңертең көлік үйімізден алып кетеді. Кешкілік апарып тастайды. Бізге жұмыс көп. Гүл егуден бастап, тазалықпен аяқтаймыз. Қарап отырсақ, қаладағы көп скверлер мен аллеялар қараусыз қалған екен. Осы кезде жаны кіріп қалғандай. Ал еңбегің еленіп, Қызылорданың тазалығын тілге тиек етіп жатса, төбем көкке жеткендей қуанамын. Өйткені оның артында біздің тынымсыз еңбегіміз жатыр, – дейді Қаракөз Әділбекқызы.

Білікті маманның айтуынша, мекеме мен қызметкерлер арасында бес жылға келісім бар. Оның ішінде кезекті еңбек демалысы да қаралған. Айлық жалақы да жоғары, астарында көлік, түскі аспен де қамтамасыз еткен.

– Өрине, келе сала гүл егіп, іске кірісіп кеткен жоқпыз. Тәжірибе жинадық. Гүл егудің, оны көшеттеп, орналастырудың өзінің тәртібі бар. Бізде міне ектік бітті деген ой жоқ. Одан әрі гүлденіп, қалаға сән беріп тұрғанын қалаймыз. Біздің қатарымызда жас маманнан бастап 75 жасқа толған зейнеткерлер де бар. Олардың әрқайсысы өз істеріне машықтанған, – дейді қоғалықкөлдік келіншек.

Айтуынша, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, көрінбей, көзден таса жүретіндер жоқ. Өйткені, қайда, не істедің – бәрі нәтижеден көрініп тұратын жұмыс. Еңбектің еленіп, құрмет төріне шығатын сәттері де жетерлік. Таяуда ғана көрші бригада



қала әкімі Нұржан Ахатовтың арнаулы алғыс хатымен марапатталған.

– Дәл осы қарқынмен жұмыс істеп, талды егу керек болды демей, әрі қарай да күтіп-баптауын жоғары деңгейде атқарсақ, Қызылорданы орман қылатын сәт алыс емес. Жасыл-желекпен көмкерілген әсем қаланың ортасында жүру әрбіріміздің жанымызға керемет әсер қалдырады. Сондықтан әрбір әрекетіміздің арғы жағында жерлестерімізге қолайлы орта, жанға жайлы, самалды өлке қалыптастыру тұрады. Мен бұл жұмысымнан

ұялмаймын, керісінше, қол қусырып жүргендер ұялсын. Абай атамыз «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – азырар адам баласын» деген ғой. Еңбектің наны қай кезде де тәтті, – дейді Қаракөз.

Қала орталығындағы жарықшамдарды сырлап, сынған орындықтарды жөндеп, қалпына да келтіріп жатыр. «Мынау менің жұмысым», «анау сенің жұмысың» деп жатқан ешкім жоқ. Барлығының илегені – бір терінің пушағы. Жақында ғана орталық көшелерден гүл егетін орындар дайындалып жатқанын байқадық. Қаракөз Әділбекқызы бастаған топ ол жерді де көрікті аймаққа айналдыруға бағыт алмақ.

– Өлеуметтік желілерден, газет-журналдар мен ақпараттық сайттардан біз туралы жазып жатқанын, қала халқының оң бағасын оқып, қуанып қаламыз. Ақмешіттің ажарланып, керемет қалаға айналуына әлі де атсалыса бермекпіз. Біз елге керемет көңіл сыйлап, қолайлы орта қалыптастырудан ләззат аламыз, – дейді ол.

Біз сұхбатты аяқтай сала қараторы келіншек «Құр тұрғанша жұмыс істегенім жақсы, қасымдағы кісілер еңбектеніп жатқанда менің қарап тұрғаным жарамас» деп, дереу іске кірісіп кетті. Міне, еңбек. Міне, еңбек адамы.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



АБЗАЛ ЖАНДАРДЫҢ БАСҚОСУЫ

Кезекті жұмыс күнінде Қызылордадағы көпбейінді облыстық аурухананың үлкен мәжіліс залына табан тіредік. Қатысушының барлығы – ақ халатты, жүзінен байсалдылық пен жинақылық байқалатын жандар.

16 қазан – Дүниежүзілік анестезиолог және реаниматолог күні. Кәсіби мереке қарсаңында сертіне адал, күні бойы ота жасап, өмір үшін күреске үйренген дәрігерлер тәжірибе алмасу үшін конференцияда жиналды. Бұл жиының орны ерекше. Себебі Қызылордада кейінгі 40 жыл көлемінде мұндай деңгейдегі басқосу болмаған.

Залға трибуна орнатылып, экран тексеріліп жатыр. Қатар тізілген орындықтар жүйелі орналасқан. Ал сағат он екіде конференция ресми түрде ашылды.

Ақ халаттылардың іс-шарасына қатысуға арнайы Алматы қаласы мен Қызылорда облысының аудандарынан мамандар келген. Оның ішінде анестезиология-реаниматология федерациясының президенті, профессор Ерғали Меирбеков те бар. Ашылу салтанатында көпбейінді облыстық аурухананың құрметті директоры Тұрғанбай Маханов, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова және анестезиология-реаниматология федерациясының президенті, профессор Ерғали Меирбеков сахна төріне көтерілді. Ашылу рәсімінен кейін үздік мамандар марапатталып, алғыс хат табысталды.

Баяндамалар легі басталған сәтте залдың атмосферасы одан әрі жанданды. Қызылорда облысының штаттан тыс бас реаниматолог-анестезиологы Алмат Әділқалық Қызылорда бойынша кейінгі тоғыз айдың есебін ұсынды. Ол анестезиология саласындағы көрсеткіштер, жаңа әдістемелер мен аймақтағы жетістіктер жайлы нақты дерек келтірді. Келесі сөз кезегі профессор Ерғали Меирбековке берілді. Оның ғылыми баяндамасы тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибеде жиі кездесетін нақты жағдайлармен ұштасты. Сондай-ақ ана мен бала орталығының бөлім меңгерушісі Асқар Өуезбөков кесар тілігі, операциядан кейінгі жатырлық қан кету жайлы баяндады. Алматыдан келген Ерболат Әбдікереев акушерлік сепсис кезіндегі заманауи әдістер туралы егжей-тегжейлі сөз қозғайды.

Баяндама арасында Алматы қаласындағы акушерлік гинекология және перинатология ғылыми орталығының реанимация және қарқынды емдеу бөлімшесінің меңгерушісі Ерболат Қонысбекұлымен әңгімелесіп үлгірдік. – Бұл конференцияның басты мақсаты – тиімді әрі тактикалық тұрғыда ем жүргізу жолдарын талқылау, білім мен тәжірибе алмасу. Біз Алматыда жинаған практикалық тәжірибемізді өңір мамандарымен бөлісіп, нақты мысал арқылы көрсетуге тырысамыз. Осындай іс-шаралардың өңірлерде ұйымдастырылып жатқаны қуантады. Әдетте мұндай конференция көбіне ірі қалаларда өтеді, ал аймақтарда қолға алуыну – құптарлық бастама. Біздің орталық оңтүстік аймақтардың, соның ішінде бірнеше облысты қамтиды. Ақтаудан Оскеменге дейінгі өңірлермен де тығыз байланыстамыз.

Конференцияда акушерлік сепсис тақырыбында баяндама жасадым. Бұл – қазіргі таңда өзекті әрі жиі кездесетін мәселе. Көптеген асқынулар дәл осы сепсистен туындайды. Сондықтан оның алдын алу, емдеу тәсілдерін жетілдіру, тәжірибемен бөлісу – біздің басты мақсатымыз, – деді Ерболат Әбдікереев.

Әр баяндамашының сөзі тәжірибе мен ғылымның тоғысқан тұсын айқын көрсетті. Залда отырғандар жазып алып, сұрақ қойып, пікір алмасты. Бұл жиын тек кәсіби білім алмасу емес, өмірге жауапкершілікпен қарайтын дәрігерлердің ортақ рухын танытқан сәт болды.

Мұнан бөлек, Қызылорда қаласы бойынша Dr. Certus компаниясының өңірлік менеджері Жанна Балғабаева «Пневмония, оны емдеу мен асқынуларының алдын алу» тақырыбында құнды мәлімет айтты.

Қызылорда облысы бойынша штаттан тыс бас реаниматолог-анестезиолог маман Алмат Қаппарұлымен әңгімелесудің сәті түсті.

– Бүгін медицина саласындағы өзекті



тақырыптар бойынша тәжірибе алмасу, пікірлесу мүмкіндігі туды. Әдетте мұндай конференциялар Алматы мен Астанада өтеді. Қызылордада ұйымдастырылуы – үлкен жетістік деп білемін. Қазір медицина күн сайын дамуға, жаңа әдістер мен технологиялар пайда болуда. Сол жаңалықтарды өңірлік мамандарға жеткізу, талқылау, тәжірибеде қолдану – өте маңызды.

Қазір облыс бойынша шамамен 110 реаниматолог-анестезиолог дәрігер бар, соның 80-ге жуығы конференцияға қатысып отыр. Қалғандары кезекшілік пен жұмыста. Жалпы қызылордалық мамандардың кәсіби деңгейі жоғары. Біз аудандарға жиі шығып, науқастардың жағдайын, емдеу сапасын, дәрігерлердің біліктілігін бақылап тұрамыз. Кейінгі жылдары жас мамандардың қатары көбейіп келеді. Резидентураны тәмамдап, елге оралып жатқан жастар аз емес.

Біздің салада науқастар көбіне өте ауыр жағдайда түседі. Сөйлей алмайтын, шағым айта алмайтын халде жеткізіледі. Мұндай кезде туыстарының тарапынан түсінбеушілік те болып жатады, бірақ дәрігердің мақсаты – адам өмірін сақтау екенін бәрі түсінсе дейміз.

Медицинада қанша жыл еңбек етсең де, білім жетілдіру ешқашан артық емес. Уақытылы үйреніп, жаңа ақпаратты игеру – әр маманның борышы. Ардагер дәрігерлеріміздің тәлімін жалғап, жастар да өз білімін тереңдетіп отырса, бұл сала дами береді, – деді ол.

Ал күннің екінші жартысында Дінислам Шайхутдинов акушерлік сепсис кезіндегі гемостазды экстракорпоральды коррекциялау туралы баяндады. Ал профессор Меирбеков тағы бір маңызды тақырып – «Кардиохирургиядағы интальциялық анестезияның инновациялық аспектілері» бойынша тәжірибесін бөлісті.

Дәрігер Еркеұлан Садов пен Елдос Өмірзақ өз баяндамаларында заманауи протоколдар мен УДЗ навигациясының маңызын сөз етті.

Жалағаш аудандық ауруханасының реаниматолог дәрігері Нұрболат Балтабайұлы медицина саласындағы кәсіби мерекеге орай ұйымдастырылған конференциядан ерекше әсермен оралғанын айтты.

– Бұл конференция республикалық деңгейде өтті. Түрлі өңірден келген тәжірибелі мамандар мен профессорлар құнды әрі кең ауқымдағы дәріс оқыды. Өзі ісімізге қажет көп мәлімет пен жаңа тәжірибе жинадық. Осындай

басқосулар кәсіби дамуға зор серпін береді. Әріптестерімді мерекемен құттықтаймын, – дейді дәрігер.

Алты жылдан астам уақыт аудандық ауруханада абыройлы қызмет етіп жүрген Нұрболат Балтабайұлы өз мамандығының жауапкершілігі мен ауыртпалығын жақсы түсінеді.

– Реаниматология – ең қиын әрі ең жауапты сала. Кез келген отаның сәтті өтуі көбіне реаниматологтың жұмысына байланысты. Бізге көп жағдайда ауыр халдегі науқастар түседі. Олардың өмірге қайта оралуына, маңызды ағзаларының қалыпты жұмыс істеуіне үлес қосамыз. Негізгі мақсат – науқасты аман алып қалу, – деп пікір білдірді ол.

Дәрігердің бір күндік жұмысы таңғы 7:30-да басталады. Алдымен түнгі ауысымдағы қызметкерден кезекшілікті қабылдап, бөлімшеге түскен науқастардың жағдайымен танысады. Олардың диагнозын нақтылап, ем-шара жоспарын құрады.

– Тәнерент әріптестермен бірге науқастарды қарап, емдеу тактикасын талқылаймыз. Күніне 3-4 ота жасалады. Оның ішінде хирургиялық, гинекологиялық және травматологиялық операциялар бар. Кейде жедел жәрдеммен ауыр халде түскен науқастарды қабылдау бөлімінен бірден жоғары реанимацияға көтеруге тура келеді. Ауданымыз қатты үлкен емес, сондықтан күніне 15-ке жуық науқас қаралады, – дейді Нұрболат дәрігер.

«Реанимация» сөзі «қайта қалпына келтіру» деген мағынаны білдіреді. Бұл бөлімге ес-түссіз, тыныс алуы мен жүрек соғысы тоқтаған науқастар жиі түседі. Сол сәтте дәрігерлердің кәсіби шеберлігі мен жылдам шешімі шешуші рөл атқарады.

– Мұндай сәттерде әр секунд қымбат. Біз науқастың өмірін қайта жалғап, оның қалыпты өмірге оралуына себепші болуға тырысамыз. Бұл – дәрігерлік борыш ғана емес, адамдық парыз, – дейді Нұрболат Балтабайұлы.

Конференция дәрігерлер қауымының кәсіби бірлігін, өз ісіне деген адалдығын тағы бір мәрте көрсетті. Мұндай басқосулар тәжірибе алмасуға, жаңа әдістерді енгізуге және медициналық қызмет сапасын арттыруға жол ашатыны анық.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Технологияға құмар жастар үшін өткен апта ерекше есте қалды деп ойлаймыз. Себебі қала жастары 17-18 қазан күндері өз білімін сынап, жаңа идеяларын жүзеге асырып, бәсекеде бақ сынады.

Айтпағымыз, Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен өткен EdTech хакатоны. 170-ке жуық жасты бір алаңда жинаған байқауда 50-ден астам жоба қорғалды. Ал олардың әрқайсысы білім беру саласындағы мәселелерді шешу үшін түрлі шешім ұсынды. Тартысты бәсекеде инклюзивті білім беру мен оқу процесін автоматтандыруға бағытталған үздік жобалар анықталды.

БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Алғырлар додасы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Ақпараттық технологиялар орталығы» мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен өткенін айта кеткен жөн.

– EdTech Hackathon – жай ғана жарыс емес, білім мен технологияның тоғысында жаңа идеялардың дүниеге келуіне арналған іс-шара. Қатысушыларға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған платформа жасау, оқытушының жұмысын жеңілдететін цифрлық көмекші құру және білім беру мекемелеріндегі процестерді оңтайландыру бағыттары бойынша кейстер ұсынылды, – дейді ұйымдастырушылар.

Терең талдау мен сарапшылардың жоғары бағасынан кейін 1-орын және 500 000 теңге жүлде қорын Дархан Серікбаевтың «AllLearn» жобасы иеленді. Әлеуметтік маңызы зор бұл платформа көру, есту қабілеті шектеулі және аутизм спектріндегі балаларға арналған бірегей шешімдер ұсынады. 2-орын мен 300 000 теңгені әр оқушыға жеке оқу траектория құратын «Beuim» инклюзивті платформасының авторы Мұхтар Тұрсынбайдың командасы алды. Ал 3-орын және 200 000 теңгені Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Дәулет Сейтқұл мен Нұрәулет Әділбек қанжығаларына байлады.

Дәулет Сейтқұлдың айтуынша, хакатон олар үшін тек жарыс емес, кәсіби өсу мен шабыт алаңы болған.

– Мектепте теорияға мән берсек, ал хакатонда сол білімді іске асыруға мүмкіндігің болады. Сәйкесінше нақты нәтиже көре аласың. Бұл менің болашақ IT-мансабыма апаратын маңызды қадам болды, – деді жеңімпаз.

Ал Дархан Серікбаев: «AllLearn – тек стартап емес, біздің жүрегімізбен жасалған миссия. Біз ерекше балалардың мүмкіндігін кеңейткіміз келеді және бұл жоба соның алғашқы қадамы», – деп бөлісті.

Қаржылай жүлде қорынан бөлек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім гранты табысталды. Бұл жүлдені №1 мектеп-гимназиясының оқушысы Рауза Берекбай жеңді. Ол «Dreamclass» білім беру платформасын ұсынған еді. Бұл жоба диагнозға сай оқыту пәндерін ұсынып, бағалауды автоматтандырады және әр оқушыға жеке оқыту жоспарын құрады, бұл оның болашақта үлкен сұранысқа ие болатынын көрсетеді.

– Бұл хакатон жастарымыздың тек код жазып қана қоймай, қоғамның ең маңызды мәселелеріне терең үніле алатынын дәлелдеді. Біз жай ғана жеңімпаздарды анықтаған жоқпыз, біз Қызылорданың болашақ технологиялық көшбасшыларының жаңа буынын көрдік. Бұл – өңірдің жаңа технологиялық ордаға айналу жолындағы маңызды қадамы, – дейді Kyzylorda Hub жетекшісі Жанарыс Тубекбаев.

Ұйымдастырушылардың пікіріне толық қосыламыз. Бұл хакатон қызылордалық жастардың білім мен технологияны ұштастыра алатынын, өңірде инновациялық ойлау мен заманауи шешімдерге сұраныс бар екенін дәлелдеді.

Әлия ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ



ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНЕН ШЫҚҚАН ТҰЛҒАЛАР

Қызылорда облысы – қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алатын Сыр бойының қасиетті жері. Бұл топырақта туған ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер мен спорт саңлақтары жетерлік. Әуелі күй атасы Қорқыт бабаға тоқталсақ,

Қорқыт ата – ойшыл және жырау, түркі халықтарына ортақ тұлға. Қорқыттың мәңгілік өмір туралы философиялық толғаныстары мен күйлері бүгінгі ұрпаққа да рухани азық болып келеді. Қорқыт атамздың үні мәңгілік қалсын деп Қармақшы ауданында оның мемориалдық кешені орналасқан.

Сонымен қатар Сырда туған қазақтың әйгілі ақыны, драматург, жертеушісі Әбділда Тәжібаев та қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерген тұлға. Оның атына арналған Қызылорда қаласында кітапхана бар. Мұнда ғылыми кітаптар, түрлі шығарма бар. Бұл кітапхана жылына 28000-нан астам оқырманға қызмет етеді. Халық ақыны, өнердің шебері, композитор



Нартай Бекежанов та Сырда туған тұлға. Ол Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйгекүм ауылында дүниеге келген. Оның айтыстары мен термелері маңызын әліге дейін жоғалтқан емес. Өзі де айта кеткендей, «Ақын болу – бір күндік дәреже емес, өмір бойғы жауапкершілік».

Қызылорда мекені – тек тарихы бай өлке емес, қазіргі Қазақстанның мәдени, спорттық және рухани өміріне үлес қосып жүрген заманауи тұлғалар көп.

Айта кетсек, қазіргі танымал фильмдердің продюсері Нұрлан Қоянбаев. Ол тек қана продюсер емес, тележүргізуші, әзілкеш, кинорежиссер. Нұрлан Қоянбаевтың «Бизнес по - казахс-

ки» киносы кейінгі онжылдықтағы танымал комедиялардың бірі. Нұрлан ағамыз мұнымен тоқтап қана қоймай тағы да қызықты жобалар шығарады деген үміттеміз.

Өнер мен мәдениетке тоқталсақ, бұл кезекте бізде танымал тұлғалар бірінен-бірі озады. Мысалы Мәдина Сәдуақасова – Қазақстанның халық әртісі, танымал өнші. Оның Сыр еліне арнаған әндері жеткілікті. Сонымен қатар қайырымдылық жобалар мен әлеуметтік бастамаларға белсене қатысады.

Әрі қарай спорт саласындағы тұлғаларға тоқталсақ, Қазақстанның ең танымал спортшыларының бірі – Илья Ильин. Қызылорда қаласының тумасы Илья Ильин ауыр атлетикадан әлем чемпионы. Біздің қазақ жастары да әлем чемпионы болсын деп Қызылордада Илья Ильин атындағы саябақ ашылған.

Қорытындылай келе, Қызылорда – тарих пен болашақтың тоғысқан мекені. Әр атақты тұлғаларға арналған саябақтар, мемориалдар бар. Сыр елі әлі де талай ұлт мақтанышын дүниеге әкелтіні сөзсіз.

Арайлым САУЛЕБЕКОВА,
Абай атындағы ДБА мектебінің
11-сынып оқушысы



ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Қызылордадағы №120 орта мектепте шағын футболдан «Әкелер кубогы» турнирі өтті. Жарысты Республика күні, қала күні және Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына байланысты дене шынықтыру пәні бірлестігі ұйымдастырды.

Дәстүрлі турнир спорт арқылы отбасы құндылығын, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Айта кетсек, биыл мектептің шағын фут-

бол алаңына күрделі жөндеу жүргізілді. Жаңарған алаңның ашылу салтанатында ата-аналар қауымы лента кнп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Турнир нәтижесінде «Жас қырандар» командасы жеңімпаз атанды. Ал екінші орын «Алтын Ордаға» бұйырса, «Балауса» командасы үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаз командалар, үздік қақпашы, қорғаушы, үздік шабуылшы номинациясына ие болған ойыншылар кубок, медаль, алғыс хатпен марапатталды.

Берік БАЙНИЯЗОВ,
№120 орта мектебінің мұғалімі

Қызылорда. Парасат. Пайым

Басы 1-бетте

Жалпы ұлт атауына қатысты тарихи қателікті жөндеу жайлы мәселені қайраткерлер бұған дейін де көтерген. Дәлелді алыстан іздемей-ақ ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектеріне үңілейік. Ол кісі Сәкен Сейфуллиннің тәуелсіздік жылдарына дейін беймәлім болып келген бірнеше мақаласын тапқан. Соның бірі – 1923 жылы жазылған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы.

Ұлттың атауына келгенде бәрі түсінікті, ел қамын жеген азаматтар әбден ойланyp, толғанып барып қабылданған шешім. Ал Қызылорда атауы ше? Бұл жайында тарихшы ғалым Х.Тұрсын өзінің «Алаш

түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан «неге?» деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезде кезектен тыс сөз алып, ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екіншісі – Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» делінген. Бұдан Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан Қоңырқожа Қожықов екенін көруге болады. Қалай десек те бұл парасатты тұлғалардың лайықты шешімі екенін ұмытпау керек. Дәл осы тарихи оқиғаға биыл 100 жыл толды. Демек, сүйікті қаламыздың Қызылорда атанғанына да 100 жыл болды деген сөз.

Қызылорда атауы және Алтынорда пайымы

Ақмешітті Қызылорда деп атаған арыстарымыздық бізден әлдеқайда білімді, қай жағынан келсе де он орап алатын қабілеті болғанын ескеруіміз қажет. Осы ретте филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің профессоры, елге белгілі тілтанушы маман Аман Абасилотың облыстық «Сыр бойы»

газетіне жарияланған «Қызылорда атауына терең бойласақ» деген мақаласынан үзінді келтіре кетейік. Ғалым: «Ол заманның зиялылары алыстан ойлайтын ұлылар, абыздар ғой. Алаш арыстарының азат ойлай алатыны, сөз мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретініне де жіті көңіл аударғаны таңғалдырады. Белгілі әдебиетші-ғалым Ғабит Тұяқбаевтың Әзербайжан еліне барған іссапарында өзін қарсы алған әзербайжан әріптестерінің «Қызылорда» атауын «Алтынорда» мағынасында қолданғанына риза болдым деп айтқаны бар еді. Міне, бұл атаудың түркілік дүниетанымды білдіретіндігінен де хабар береді. Сондықтан «Қызылорда» атауына сол ұлыларымыз сияқты байыппен қарағанымыз дұрыс» – деген пайым жасайды.

Тақырыпқа тұздық үшін «Ақмешіт жастары» газетіне шыққан филолог ғалым Марлен Әділов: «Қыздың көзі қызылда» дегендегі «Қызыл» сөзінде басқа бір мән жатқандай, зерделей келе мұның «алтын» мағынасындағы сөз екенін байқадық. Сөзімізге бірнеше дәлел келтіруге болады. Бірінші, тілдік деректер: «Алтын» мағынасындағы «қызыл» сөзі орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде көрінген. Мысалы, Хорезм дәуірі (XIII-XV ғғ.) ескерткіші Нехжұл Ферadis жазбасында «алтын» мағынасында қызыл-алтын қос сөзі қолданылған. Шағатай жазба ескерткіштерінен Шайбани хан сөздігінде «қып-қызыл алтун» тіркесі бар; Қорқыт ата кітабында қызыл сөзі «алтын» мәнінде жұмсалған. Қазіргі түркі тілдерінен анадо-лы диалектілерінде «qızıl» және әзербайжан тілінде «qızıl» сөздері «алтын» мәнінде сақталған; түркмен

тілінде ғызыл тұлғасы актив түрде қолданылады, тіпті біздің «Алтын көрсе періште жолдан таяр» мақалымыз бұл тілде «Ғызыл көрсе, қызыр йолдан азар» болып жұмсалуда; қарайым тілінде қызыл сөзі «алтын ақша» мәніне ие; якут тілінде қыһыл көмүс тіркесі болса, «алтын» мағынасында», – деп пікір білдірген екен.

Осының өзі-ақ «қызыл» сөзінің алтын мағысында қолданылғанын, Қызылорданың түпкі мағынасы Алтынорда екенін дәлелдеп тұрған жоқ па?! Біздің пайым – осы.




қозғалысының оңтүстік қағанаты» атты еңбегінде архив құжаттарына негізделген мәлімет келтіреді. Ғылыми еңбекке Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы енгізілген. Онда: «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде



Қызылорда атты қаланың атауы 1925 жылы жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Бүгінде Сыр өңірінің бас қаласы, жүрегi, аймақ аудандарына үлгі етер шаһары болып отыр. Республика көлемінде де Қызылорданың ойып тұрып алар өзіндік орны бар.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ



ҒАСЫРДЫ АРТҚА ТАСТАҒАН ҚАЛА

Жүз жыл бұрын ел тағдыры Ақмешітке «табан тіреп», тарихтың жаңа беті ашылды. Бүгін, арада бір ғасыр өткенде, сол тарихи сәттің рухы қайта жаңғырып отыр. Халық «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді. Расында да, бұрынғы Ақмешіт пен бүгінгі Қызылорда еңбек пен уақыттың өрнегіне толы ғұмырдың куәсі болды.

Мерейлі мереке қала күнімен тұспа тұс келгені қуанышты еселеп арттырды. Күздің қоңыр салқынына қарамастан, сырбойылықтардың жүрегінде жылулық пен қуаныш басым болғаны рас. Себебі ұйымдастырылған әр іс-шарада ел тарихының ізі мен бүгінгі тынысы бейнеленді.

Мерейтой апталығының шымылдығы 24 қыркүйекте түріліп, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галериясында «Қызылорда – мерейлі мекенім!» атты тарихи көрме ашылды. Ғасырлар қойнауынан сыр шерткен суреттер мен құжаттар, көне жәдігерлер мен заманауи өнер туындылары Сыр өңірінің өткені мен бүгінін көркем тілмен өрнектеді. Көрмеге келген тұрғындар мен қонақтар тарихты көзбен көріп, жүрепкен сезінді. Сол күні Орталық алаңда «Сыр шеберлерінің жұлдызды құрағы» атты колөнер көрмесі өтті. Онда өңірдің ою-өрнекке бай, ұлттық нақыштағы бұйымдары, зергерлер мен шеберлердің туындылары жұртшылық назарына ұсынылды. Кейін мерекелік көңіл-күй спорттық рухпен жалғасты. Таңғы сағат тоғызда веломарафон басталып, қатысушылар қаланың басты көшелерін бойлай өтті. Бұл шара – салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, Қызылорданың жанарған бейнесін паш еткен ерекше акцияға айналды. Ал қазанның алғашқы күндері қала мен ауылдық округтерде «Қарттарға құрмет – ұрпаққа міндет» атты тағылымды кездесулер өтті. Бұл күн – жылылық пен ізеттің, ұрпақтар сабақтастығының мерекесі болды. Ардагерлерге құрмет көрсетіліп, олардың өмір жолы мен еңбегі жас буынға үлгі ретінде айтылды. Мұндай жиындарды «Qyzylorda OPEN» республикалық шахмат турнирі жалғастырса, кейін қала орталығында «Қызылорда – жастар қаласы» атты фото көрме-сайысы ашылды. Бұл көрмеде жас суретшілер мен фотографтар туған қаланың әсем келбетін, жастардың жалын мен жігерге толы бейнесін көркем суреттер арқылы көрсетті. 200-ге жуық қатысушының еңбегі көрермен назарына ұсынылып, әр

суреттен Қызылорданың тынысы мен заманауи рухы сезілді. Көрме соңында жастар өз тілектерін «Жастар лебізі» тақтасына жазып, қала әкімдігіне тарту етті. Ал кешкісін Сыр сахнасы ерекше толқынға толды. Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, акын Ибрагим Исаевты еске алу кеші өтті. Әдебиетсүйер қауым жиналған бұл рухани шарада ақынның сыр-шыл өлеңдері оқылып, өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы естеліктер айтылды. Сонымен қатар «Сыр сазгерлерінің сазды сәлемі» атты ән кеші өтті. «Сәтті 100 қадам» атты танымдық квест өткен күні театр сүйер қауым үшін Алаш қозғалысының ақиқатын арқау еткен «Жас Алаш, Шыңдық шырағы» тарихи драмасы сахналанды. Мерекелік көңіл күй тек сахна мен мәдени шаралармен шектелмей, қалалық жастар орталығында «Тарихи терең Сыр елі» атты интеллектуалды сайыс өтті. Сайысқа өңірдің белсенді жастары мен студенттері қатысып, Қызылорданың өткені мен бүгінін терең танып, білім мен зерделі ойдың бәсекесінде бақ сынады. Бұл шара жастардың туған жерге деген қызығушылығын арттырып, елжандылық сезімін оятуға бағытталды. Ал «Евразия» спорт кешенінде футболдан Қазақстан Республикасы Бірінші лигасының ойындары өтті. Додада елдің әр өңірінен келген командалар өзара мықтыны анықтап, көрерменге тартысты ойын сыйлады. Өнерпаз бүлдіршіндер де шетте қалмай, бір мезетте жүзге жуық оқушы Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады.

Осындай маңызды уақытта маңызды салтанатты рәсім де өтті. Иә, иә, 11 мың көрерменге арналған су жаңа стадионымыз ашылды. Футболсүйер қауым сол күні-ақ ел кубогының финалдық матчын тамашалады. Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрді құрайтын жаңа спорттық кешен заманауи халықаралық талаптарға сай салынып, УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген. Ал Өнер орталығында өткен

Елена Әбдіхалықованың «Сағыныш ғұмыр» атты шығармашылық кеші қала күніне үлкен тарту болды. Бұл жөнінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев та тілге тиек етті.

– Шығармашылық кешіңіз ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толған мерейтойға, Қызылордамыздың төл мерекесі – қала күніне үлкен тарту болды. Сіз әрдайым туған топшарықты, халқымыздың өр рухын жырга қосып, мәдениетіміз бен руханиятымызды өскелең ұрпаққа кенінен дәріптеп келесіз. «Сыр елі – жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыруға, өнерлі, дарынды жастарымыздың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар қолға алынған. Өнер адамдарын, мәдениет мейрамдарымызды қолдауға әрқашан дайынбыз. Төл өнеріміздің бұны биікте ұстап, көрерменнің зор құрметіне бөлене бергейсіз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылығыңызға табыс тілеймін! – деді Н.Нәлібаев.

Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған делегация да облыс орталығындағы жаңа нысандарды аралады. Алдымен қонақтар «Сыр жұлдызы» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Балалар мен жасөспірімдерге арналған орталық мамыр айында пайдалануға берілді. Академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Сонымен қатар Абай облысынан келген делегация «Анаға тағзым» орталығы мен облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимаратын аралады.

Ал мерейтой мен қала күніне арналған жиындар легінің ең басты іс-шарасы 17 қазанда өткен «Мерейлі мерекемен, Қызылорда!» атты гала-концерт болды. Сырдың самалы, түнгі аспандағы отшашу, жарыққа малынған сахна – бәрі де ғасырлық тарих пен бүгінгі

қуаныштың тоғысын айшықтап тұрғандай еді. Кеш шымылдығы ел астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру және Киргиз АКСР-дың Қазақ АКСР деп өзгертілуі сияқты тарихи сәттерді бейнелеген театрландырылған көрініспен ашылды. Актерлердің киімі, декорация, жарық бәрі де көрерменді бір сәтке 1925 жылға жетеледі. Сахнада Алаш арыстарының бейнелері көрініп, ел тағдырына жауапкершіліктен қараған қайраткерлердің жүрек лүпілі сезілді. Көріністегі әр қимыл, әр реплика – ұлттың жаңару жолындағы күресін көрерменге тағы бір рет еске салды.

Сахна төрінде Гүлнұр Оразымбетова, Мәдина Сәдуақасова, Жеңіс Ысқакова секілді Қазақстанның танымал әншілері өнер көрсетті. Әр ән сайын зал толқып, жұртшылық ду қол соғып отырды. Кеш соңында аспан түрленіп, түрлі түсті отшашулар түнгі Қызылорданы ерекше сәнге бөлеп, мерекенің көрігін арттырды.

Ал қалалық ипподромда «Алтын күз – 2025» ұлттық ат бәйгесі өтті. Сыр еліндегі дүбірлі додада еліміздің әр аймағынан келген 70-ке жуық шабандоз бақ сынап, жеңімпаздар анықталды. Ипподромдағы ат бәйгесі жәрмеңкеге ұласты. Жәрмеңкеде барлық аудан мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін өндіруші бағасымен ұсынды. Ауландардан 500-ге жуық жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім жеткізілді. Сауда сөрелеріне 150 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет және 35 тоннадай балық өнімдері, 300 тонна картоп, 300 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық бакалея және кондитер өнімдері, 100 бас тоқты және 30 тонна жем-шөп қойылды.

Мұнан бөлек, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының екінші кезеңі аяқталып, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңадан салынған автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Нан өнімдерін шығаратын кешен де ашылды. Осы ретте кейінгі үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылғанын, облыс бюджеті 851 миллиард 300 миллион теңгеге жеткенін айта кеткен жөн.

Қызылорда бір ғасыр бұрын қазақ елінің тұңғыш астанасы атанып, ұлт рухының ұйытқысына айналды. Сол рух, сол жалын бүгін де сөнген жоқ. Бүгінгі еңселі Сыр өңірі – еңбектің, өрлеудің және жаңарудың қаласы.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Нұржұман ПІРНАЗАРОВ:

БӘРІНЕ БІРДЕЙ ЖАЙЛЫ ОРЫН ҚАЙДАН БОЛСЫН?

Басы 1-бетте

Қазіргі таңда жастар жалпы халықтың 29,5%-ын құрайды. Жастарды дамыту мен қолдауға биыл жергілікті бюджеттен 38,456 млн теңге, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2 жобаға 6,686 млн теңге бөлінді.

Мәселеге келсек, жастар бәріне тез қол жеткізгісі келеді. Мәселен, «Жастар практикасы» тәрізді бағдарламаларға қатысуға құлықсыз. Бірден жайлы орындыққа отыра кетуді қалайды. Біз ұсынған жұмыстарды істегісі келмейді, бірақ күректен табыс тапқысы келеді. Десе де баспалдақтың өзі төменнен басталады ғой. Бәріне бірдей жайлы орын қайдан болсын.

– Өскелең ұрпақтың бойында ұлт-жандылық, елжандылық деген ұғым қай деңгейде? Аға ұрпақтың аманатын арқалай ала ма?

– Біздің өңір – қазақтың қаймағы бұзылмаған қалың орта. Әсіресе, аудан жастары аға буынның ізін жалғап, олардың үлгі-өнегесін кейінге қалыптастыруда маңызды қадамдар жасап келеді. Біздің ауданда осы бағытта «Қадам мұра» және «Қармақшылық» деген екі жоба жүзеге асуда. Ардагерлердің, ата-әжелеріміздің жастармен кездесуін «Қадам мұра» жобасы арқылы жүзеге асырып келеміз. Әр түрлі форматта өтеді. Кездесу, сұхбат, еркін формат тәрізді. Үлкендердің өмір жолының өзі үлгі-өнеге емес пе?! Осындай кездесулерден рухани қуат аламыз. Ал «Қармақшылық» жобасы аясында ауданнан шығып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүрген тұлғалармен кездесу ұйымдастырамыз. Кәсіпкерлер де жастарды қолдауда аянып қалып жатқан жоқ. Мұның әрбірінің астарында ұрпақтар сабақтастығы деген ұлы ұғым бар.

Аға ұрпақтың аманатын арқалай ала ма дейміз? Әрине, арқалайды. Бойына жастайынан ұлттық иммунитетті қалыптастырған әрбір азамат ұлттық мүддені ойлайды. Қазақта «шыбықты қалай исең, солай майысып өседі» деген бар. Біз өскелең ұрпақты дұрыс жолға қаншалықты бағыттасақ, әрбір қадамымыз соншалықты жемісті, нәтижелі бола бермек.

Аудан жастарының бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында аудан көлемінде 81 түрлі бағыттағы шара өткізіліп, 5000-нан астам жас қамтылды. Жастар ресурстық орталығы жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, өзекті мәселелер бойынша хабардарлығын күшейту және оларға қажетті көмек көрсету мақсатында бірқатар іс-шара ұйымдастырды. Атап айтқанда, орталық мамандары жастар арасында кеңінен таралған мәселелер – жұмыспен қамту, білім алу, психологиялық қолдау, құқықтық сауаттылық және денсаулық сақтау тақырыптарында ақпараттық-консультациялық 126 кездесу өткізіп, 3780-нен астам жасты қамтыды.

Сондай-ақ орталықтың «Qadam kenes», жоғарыда атап өткен «Qadam mura» және «Қармақшылық» жобалары арқылы 21 кездесу өтті. Сол іс-шараларда 1200-ден астам жасты қамтыдық. Жастарға кәсіби бағдар беру мақсатында «1.2.3» start жобасы жүзеге асып келеді. Жыл басынан бері «1.2.3 start» жоба шеңберінде жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында еліміздің 5 жоғары оқу орнымен тікелей эфирлер өткізілді. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында «МАРАФОН – 2025», «Tartyl fest» турнирі, жұмысшы мамандықтарды насихаттау мақсатында «Еңбек лагері», 12 тамыз – халықаралық жастар күні аясында орталық алаңда «Білімді де, белсенді жас – өзгерістің бастамасы» атты мерекелік гала-концерт өтті.

Жаназол ауылдық округінде ауданға қарасты кент және ауылдық округтерден жұмысшы және жұмыссыз, студент және белсенді жастарды тарта отырып «Еңбек лагері» өткізілді.

Сондай-ақ ауданға қарасты кент және ауылдық округтерде «Qadam kenes» бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде сала мамандарын қатыстыра отырып кеңес беру,



спорттық ойындар және мерекелік шара ұйымдастырылды. «Заң және тәртіп – тұрақты қоғамның кепілі!» акциясы аясында Қармақшы ауданы полиция бөлімі, жастар ресурстық орталығы және аграрлы-техникалық колледжінің ұйымдастыруымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында студент жастармен кездесу өтті.

– Осы күні қандай іс атқарып жатырсыз? Қоғамға тигізген қандай пайданыз бар?

– Ауданға келгеніме үш жыл болды. Осы уақыт аралығында біздің ең негізгі жұмысымыз – ұйымдастырылмаған жастармен жұмыс. Пробыция тізіміндегі, NEET санатындағы, жұмыссыз жастарға баса назар аударамыз. Мектеп, колледж білім алушылары мен жас мамандар – одан кейінгі орында. Өйткені олардың уақыты тиімді ұйымдастырылған. Ал бірінші айтқан қатардағы жастарға грант үлестіруге, жұмысқа орналастыруға, түрлі бағыттағы іс-шараға қатыстыруға күш саламыз. Мәселен, 2023 жылы пробыция тізіміндегі жастар саны 21 болса, қазір 13 адам. Бұл – жұмыстың тиімділігінің арқасы.

Қармақшы ауданы бойынша «Отбасының цифрлық картасында» анықталған NEET санатындағы жастарды мемлекеттік қолдау шараларымен жұмысқа қайта орналастыру, қайта оқыту, кәсібін ашуға мемлекеттік қайтарымсыз грант немесе несие беру жұмыстарын жүргізу үшін 4 қазан күні NEET санатындағы 441 адамның тізімі берілді. Өзектендіру барысында 69 адамның өзге қала мен аудандардың азаматтары екені анықталды. Тиісті аудандарға ресми хатпен тізімі жіберіліп, тізімдегі нақты 372 азаматпен жұмыстар жүргізілуде.

Осы орайда, тізімде берілген 98 азамат – жалдамалы жұмысшы. Олардың 50-ге жуығына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 25 жасқа МӘМС салынды. Үй аралау барысында кент және ауылдық округтердегі 40-тан аса азамат көрсетілген мекен-жайда тұрмайтыны анықталды. Қазір сол азаматтарды мекен-жайдан шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тізімдегі 60 адам III Интернационал ауылдық округінде тіркелген және Түркия Республикасына көшіп кеткен. Аталған азаматтар бойынша Қармақшы аудандық полиция бөліміне ресми хатпен тізімі жіберілді.

Аудандық полиция бөлімінің жауап хаты бойынша 33 азамат тіркеуден шығып кеткен, ал қалған азаматтар тұрғылықты мекен-жайда орналасқан. Оған қоса, тізімдегі анықталған 34 студенттің 17-сінен оқып жатқан оқу орнынан анықтама алынды, қалған азаматтарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр. Үй шаруасындағы 38 жас анықталды. Оның ішінде 16 жас – бала күтімінде, 18 жас – жұмыссыз. Тізімде ресми түрде жұмыс істеп жатқан 20 жасқа МӘМС жүйесіне уақыттық төлем түспеді, қазіргі таңда әдрестік жұмыстар барысында тұрғылықты мекен-жайлары анықталып түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

NEET санатындағы және маргинал жастармен жұмыс істеу бойынша Қармақшы ауданына 1192 жастың тізімі ұсынылды. Аталған жастардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша кент және ауылдық округтерге бөлініп, жеке әдрестік жұмыстар жүргізілді. Қармақшы ауданы әкімдігі жанынан NEET санатындағы және маргинал жастармен жүйелі түрде жұмыс жүргізу мақсатында іс-шара жоспары бекітіліп, арнайы жұмысшы тобы құрылды. Бұл топтың құрамында аудан әкімінің орынбасары, құқық қорғау органдары мен тиісті бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ жастар ресурстық орталығының директоры бар. Жұмысшы топтың алғашқы отырысы да өтті. Нақты міндеттер мен бағыттар айқындалды. Сондай-ақ маргинал жастардың 1192 тізімі келген болса, әдрестік жұмыстар жүргізу нәтижесінде сол жастардың 1088-нің нақты статусы анықталды. Әрбір адам – қоғамның белсенді мүшесі. Бір адамға көмегіңді тигізу –

бұл қоғамға қосқан үлесің. Бір әрекет арқылы бір адамның өзгеруі, әрине, мүмкін. Құлаған адамның орнынан тұруына бір ғана ниетің жеткілікті. Біз аудан жастарының әрбіріне көмегімізді аямаймыз, қоғамға тигізген пайдамыз да сол тәрізді.

Бұл өмірде әрбір азамат өзінің қызметі, жұмысы арқылы тек жалақы ғана тауып отырған жоқ. Сол жұмысы арқылы қоғамға үлесін тигізіп келеді. Менің ұстанымымда «бүгінгі күнін өтсе, болды» деген ұғым жоқ. Әрбіріміз тым құрыса бір күнге есеп беріп көрейікші. Өзімізге өзіміз «мен бүгін қазақтың мүддесіне қандай еңбек еттім?» деп сұрақ қояйықшы. Титімдей үлес қоссаңыз, сіздің күніңіздің зая кетпегені.

– Сіз үшін басты орында не нәрсе?

– Еліңе, қоғамға, жұмысыңа адалдық танытсаң, жолың ақ болады. Иә, еткен еңбектің дереу еленбесі де анық. Бірақ сол жұмысыңның артында еліңе пайда болса, қызметке де, мемлекетке де, айналаға да адал болсаң, жаксы емес пе?! Жалақы бірінші орында тұрмау керек. Қандай қызмет атқарсаң да, жалақыңның көлеміне қарамай, 24/7 еңбектенсең, міне сонда жемісті болады. Нәтижелі еңбегің де көрінеді. Бұл – менің үйден алған тәрбием.

Қайда жұмыс істесен де, есімің тек жаксы қырыңнан аталып, абыройың мен беделің арта түскені – ата-анаңа мәртебе. Кейінгіге де осы ойды айтамын. Адалдық ұстанымындағы адамның қай кезде де мәртебесі биік болады анық. Оны өмір өзі көрсетіп, дәлелдеп келеді.

– Егемен елдің ертеңі ретінде аудан әкіміне ұсыныс айтып, ол орындалды ма? Аудан әкімінің жастарды қолдауға қандай ықпалы бар?

– Біз, жастар, аудан әкімімен тығыз қарым-қатынастамыз. Ойдағы сауалымыз бен көкейкесті мәселемізді тыңдамаған кезі болған жоқ. Орталықтың штаттық кестесін толықтырдық, материалдық-техникалық базамызды нығайттық. Жастар сыйлығы бұрын бірреттік іс-шара ретінде ғана болған. Кейін аудан әкімінің қолдауымен дәстүрге айналғанын айта кеткен жөн. Кез келген мәселеде есік қағып, кездесуге бара аламыз.

– Мына мақсатым бар еді, соған жеткім келеді дейтін ойларыңыз бар ма?

– Туған елге, Отанға қызмет етуден асқан ұлы мақсат жоқ. «Қасқы қаным қалғанша, қазаққа қызмет етіп өтемін» деген Алаш арыстарының ұрпағымын. Қазақтың тасын өрге домалатып, қолын аузына жеткізіп, аузын аққа тигізу – ең биік мақсат. Ұлттық ұстанымы бар ұланның. Туған елдің тұғыры биік болғанын қалаймын.

Әу бастағы мақсат елге қызмет болған екен, ел ағалары қайда жіберсе, сонда барып еңбек етуге бармын. Осында Нұржұман жаксы жұмыс істеп кетті десе екен деймін. Артында жаксы ізін мен жаксы ісін қол бұлғап тұрса, одан артық артық не керек?!

– «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына тоқтасак. Байтақ республика бойынша қарқынды жүріп жатқан осы акцияда жастардың ролі қандай?

– Әрине, мұндай бастамада да жастардың орны маңызды. Мәселен, биыл қантар-қыркүйек айлары аралығында Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан көлемінде жастардың қатысуымен бірқатар ірі көлемді, жүйелі жұмыстар ұйымдастырды. Іс-шаралар қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастардың еріктілік белсенділігін арттыруға бағытталды. Ал мамыр айында «Таза Қазақстан – 2025» акциясы аясында Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Таза ауыл – таза болашақ» атты аудандық челлендж ұйымдастырылды. 2 кент пен 12 ауылдық округ, жалпы 1500 жас қатысты. Әр ауыл өз аумағындағы мектеп, мәдениет үйі, мешіт маңын, канал және арық бойларын, ауыл кіреберісін тазартты. Орталықтың бастамасымен «Тазалық сакшысы» бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Жеңімпаздарға арнайы дипломдармен қаржылай сыйлықтар табысталды.

– Уақыт боліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН



Басы 1-бетте

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Елена Әбдіхалыковамен шығармашылық кеш алдында кездесіп, еліміздің және Сыр өңірінің мәдени-рухани дамуына қосқан зор үлесі үшін Құрмет грамотасын табыстады.

– Шығармашылық кешініз ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толған мерейтойға, Қызылордамыздың төл мерекесі – қала күніне үлкен тарту болды. Сіз әрдайым туған топырақты, халқымыздың өр рухын жырға қосып, мәдениетіміз бен руханиятымызды өскелең ұрпаққа кеңінен дәріптеп келесіз. «Сыр елі – жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыруға, өнерлі, дарынды жастарымыздың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар қолға алынған. Өнер адамдарын, мәдениет меймандарын қолдауға әрқашан дайынбыз. Төл өнеріміздің туын биікте ұстап, көрерменнің зор құрметіне бөлене бергейсіз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылығыңызға табыс тілеймін! – деді аймақ басшысы.



Өз кезегінде Елена Әбдіхалыкова көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, өңірдің мәдениет саласында атқарылып жатқан игі істерге жоғары баға берді.

Келесі кезекте өнер орталығында өткен «Сағыныш ғұмыр» атты шығармашылық кеште поэзия мен әуен үндескен рухани іс-шара көрерменге ерекше әсер қалдырды. Бұл кеш – өнер иесінің өмір жолы мен шығармашылық белестерін қамтыған, поэзия мен музыка тоғысқан сырлы іс-шараға айналды. Сыйымдылығы мың адам болатын үлкен залда ине шаншар орын болмады. Тіпті тік тұрып тамашалауға да даяр қауым лек-легімен ағылып жатты.

Сыр халқының талантты қызына деген шынайы сүйіспеншілігі мен сазына деген сағынышын осыдан-ақ бағамдай беруге болады.

Кеш шымылдығы поэзиямен түріліп, театр әртістері ақынның жүрегінен өрбіген өлеңдерін нақышына келтіре оқып, назарымызға шағын сахналық қойылым ұсынды. Әрбір өлең Елена Мәжитқызының шығармашылық

болмысын ашып, көрерменді ойға жетеледі.

Сонан соң кеш иесі өзінің репертуарындағы бірнеше туындысын орындап, тыңдарманды сырлы саз әлеміне жетеледі. Белгілі әнші Жұбаныш Жексенұлымен бірге симфония оркестрінің сүйемелдеуімен елге кеңінен танымал туындыларын орындап, тыңдарманның ыстық ықыласына бөленді. «Сыр елім менің» әні кештің шарықтау сәтіне айналып, көрермен қауым

зор қошеметін білдірді. Сондай-ақ, ол домбырамен «Көздеріңе ғашықпын» әнін нақышына келтіре орындап, ұлттық әуен мен нәзік сезімнің үйлесімін паш етті.

Кеш қонағы, қобызшы Шолпан Шарапотова қобыздың қоңыр үнімен көрерменді баурап, ұлттық музыканың сырлы әлемін сөйлетсе, әнші Арайлым Ибраева мен Дәурен Сейтжанов орындаған әндер көрермен жүрегінен орын алды.

Әнмен әдіптеліп, өлеңмен өрнектелген кеште автордың өз орындауындағы әндері көрерменді бір

сәт терең ой мен сағыныш сезіміне жетеледі. Кеш барысында көпшілік «Қазақ елі», «Сыр елі» сияқты кеңінен тараған әндерді қосыла шырқаса, «Анажан» әні көкейге сағыныш ұялатып, көзге жас үйірді. Ән мен жыр өрілген бұл кеш Елена Әбдіхалыкованың шығармашылық жолындағы тағы бір жарқын белес болып, тыңдарман жүрегіне ұмытылмас із қалдырды.

Елена Мәжитқызының алғашқы сахнадағы қадамы 1986 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында өткен аудандық айтыстан басталған. Сол байқауда жүлдегер атанған жас өнерпаз мектеп кезінде-ақ аудандық «Алтын арай» ән-би ансамблінің белді мүшесі болып, түрлі өнер додаларында топ жарды. 1987 жылы облыстық ақындар айтысынан жүлде алып, өнерге деген құштарлығын одан әрі шыңдай түсті.

1991-2002 жылдар аралығында Елена Әбдіхалыкова 60-қа жуық республикалық, 20-ға тарта облыстық және 5 халықаралық ақындар айтысында жеңімпаз атанды. Айтыс өнерімен қатар, ол жазба поэзиясында да өзіндік өрнегін қалыптастырған қаламгер. Оның «Қарашық», «Бақыт құсы», «Шынар көлі» атты жыр жинақтары жарық көрді. Бірқатар өлеңдері «Өлке» баспасынан шыққан жас ақындар антологиясына енген.

Шығармалары республикалық басылым беттерінде үздіксіз жарияланып келеді.

Елена Мәжитқызы – елге танымал әнші әрі композитор. Оның «Есіңе мені алғайсың», «Сыр елі», «Маңғыстау», «Көздеріңе ғашықпын», «Сені көрдім», «Қош дерсін», «Аманат», «Қазақ елі», «Доспен қоштасу» секілді туындылары қазақ тыңдарманының жүрегінен берік орын алған. Елена жазған 60-қа жуық әнді Мәдина Ералиева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Майра Илиясова, Рамазан Стамғазиев, Тамара Асар, Жұбаныш Жексенұлы сынды белгілі әншілер орындап жүр.

2000 жылы «Есіңе мені алғайсың» атты аудио-ән жинағы, 2004 жылы «Қош дерсін...», ал 2010 жылы «Көздеріңе ғашықпын» атты компакт-дискілері жарық көрді. Өнер иесі Қазақстанның түкпір-түкпірінде, сондай-ақ Түркия, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейдегі қандастар алдында да өнер көрсетіп, ұлттық саз бен сөз өнерін насихаттап келеді.

Елена Әбдіхалыкованың әндері сан түрлі байқауда да жоғары бағасын алған. Шығармашылық жолында 2001 жылы Қызылордада «Сыр елім менің», 2002 жылы Алматыда, 2004 жылы Астанада жеке шығармашылық кештерін өткізді. Сонымен қатар «Сыр сүйелерінің жазба айтысы» атты зерттеу еңбегін жазып, осы тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғады.

Өнер мен ғылымды қатар өрген Елена Әбдіхалыковаға 1996 жылы Президент Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілсе, 2017 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен наградталды.

«Сағыныш ғұмыр» – Елена Әбдіхалыкованын өнерге, өмірге, туған жерге деген сағынышы мен махаббатын көркем тілмен, сазды әуенмен өрген кеш ретінде жадымызда қалды. Сыр елі өнерпазын ерекше құрметпен қарсы алып, сахнадан төгілген әр әуенді ықыласпен қабылдады. Дәл осындай кеш – ұлттық өнердің, поэзия мен саздың мәңгі жасайтынын дәлелдейді.

ТЫЛСЫМ АҚЫН ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫ СЫР ЕЛІНДЕ

Облыстық жастар ресурстық орталығында қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен ақын, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлымен және ақынның жары, филология ғылымдарының кандидаты Шағанкүл Алдамжарқызымен кездесу кеші өтті.

Қазақ поэзиясында терең ой мен ұлттық дүниетаным өрнегін айқын көрсеткен ақындардың бірі – Тыныштықбек Әбдікәкімұлы. Ол 1953 жылы 20 шілдеде Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген. Қаламгердің ақындық жолы ерте басталған. Алғашқы жырларын 14 жасында жазған ол 1968-1969 жылдары Семейдің №16 мектебінде оқып жүргенде-ақ ұстазы Рәбиға Ахунованың жетекшілігімен алғашқы жыр кешін өткізген.



1993 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі атанды. «Ақшам хаттары», «Рауан», «Алқоңыр дүние», «Бесінші маусым жұпары» атты жыр жинақтары терең философиялық мәнімен, тілдік көркемдігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ ақынның «Қас Сақ анқымасы» атты екі томдық еңбегі – әлем халықтарына ортақ ежелгі ғарышнамалық және рухани қағидаларды қазақтың ұлттық танымымен сабақтастыра зерделеген ерекше зерттеу. Оның туындылары қазақ поэзиясына жаңа бағыт әкеліп, Ә.Кекілбайұлы, Т.Әбдік, М.Мағауин, Ф.Оңғарсынова, Т.Медетбек, Н.Оразалин сынды әдебиет алыптарының жоғары бағасына ие болған.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы – көптеген әдеби байқаудың жеңімпазы. Ол 1990 жылғы жазба ақындардың тұңғыш республикалық мүшәйрасының бас жүлдегері, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың, 2007 жылы республикалық «Абай әлемі» және 2010 жылы халықаралық «Шығыс шынары» мүшәйраларының лауреаты, Абай Құнанбайұлының 160 жылдық мерейтойына арналған республикалық жыр мүшәйрасының гран-при иегері атанды.

Ақынның шығармалары мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарына енгізілген. Өлеңдері испан, қытай, қырғыз тілдеріне аударылған. 2011 жылы ел әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен және Абай музейінің «Абай» медалімен марапатталды. 2018 жылы Тыныштықбек Әбдікәкімұлына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы табысталды.

Көп ағайын мені, әттен, түсінбеді.
Қысым ба еді ол сонда, түсім бе еді?..
Өлең үшін әбігер болды ма олар?
Бәрі де әлде өздері үшін бе еді?..

Кісінесе үміттің ақтангері,
ол да жақсы – дөнеме жоқтан гөрі.
Мейірімсіз көп ауыз көкіп-ақ жүр,
мені мұңайтқандарын мақтан көріп.

Құшып алып көңілмен Шартарапты,
байғыз үнін тілімнен сорғалаттым.
Мен мұңайсам – ішімде жатар бәрі:
Тау көгеріп, Көл сыздап, қанталап Түн!..

Түн арманын, Тау күшін, Көл талабын
жылтыраған сөздермен саудала, мұң.
Мен – бейшара, Даламның айтқан Сырын
пенделердің тіліне аударамын!

Жусан уыты тамшылап өзегімнен,
Өлең екендігімді сеземін мен.
Ей, Уақыт, сен бар ғой, берсең маған, ұлып
шыққан Ойлардың кезегін бер! – деп жырлайды ақын.
Жастар ресурстық орталығында ұйымдастырылған кездесу кеші – поэзия мен парасаттың тоғысқан сәті болды. Рухани сұхбатқа құрылған бұл кешке ақын шығармашылығын

кадірлеген жастар мен жергілікті қаламгерлер жиылды. Іс-шара аясында ақынның шығармашылығына арналған «Тағдырлы талант, тағылымды ғұмыр» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кештің шымылдығын жас жыршылар Жәнібек Жаксан мен Тоғжан Өтепова жыр-термемен ашып, қазақ халқы поэзиясының бастауы болған ұлттық рухтың үнін аскақаттатты. Кеш барысында сахнаға шыққан бір топ жас өрен Тыныштықбек жырларын оқып, өздеріне рухани ұстаз тұтқан тұлғаға деген құрметін білдірді.

Салтанатты сәтте айтқысқы ақын Мұхтар Ниязов облыс әкімінің атынан құттықтау хатын табыстап, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы мен жары Шағанкүл Жанасованың иығына шапан жапты. Бұл – ұлт руханиятына сіңірген еңбегіне деген зор алғыс пен ықыластың көрінісі.

Сыр еліне алғаш табан тіреген ақын Қызылорда туралы жылы пікірін білдіріп, «Қаламыздың ажары және оның тазалығы – халық мәдениетінің айнасы» екенін атап өтті. Кездесу кешіне жиылған қауым ақынның сиясы кеппеген өлеңдерін өз аузынан тындап, қошеметін білдірді. Сырлы сұхбатқа толы кеште қаламгер өзінің шығармашылық жолы мен өлең өлмесіне келу тарихы туралы әңгімелеп, поэзияның құдіреті жөнінде ой қозғады. Кеш барысында

ақынның жары, «Қазақ поэзиясының келіні» атанған Шағанкүл Жанасова да сөз алып, шығармашылық хәм отбасындағы үйлесім туралы жүрекжарды ойларымен бөлісті. Аяулы жар, ұлағатты ұстаз Шағанкүл Алдамжарқызы бүгінде М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің директоры қызметін атқарады.

Сазгер Үкітай Ернязов пен әнші Әлімжан Кеңес қонақтардың құрметіне арнап ән шырқап, рухани кештің шырайын арттырды. Кездесу соңында Тыныштықбек Әбдікәкімұлы өз шығармаларын қалалық кітапхана қорына тарту етіп, жас ұрпаққа рухани азық боларлық қымбат мұра табыстады. Сондай-ақ оқырмандарымен естелік суретке түсіп, қолтаңба беріп, ізгі тілектерін арнады. Бұл кеш – жастарға рухани шабыт, шығармашылық серпін сыйлаған әсерлі кездесуге айналды.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы – қазақ руханиятындағы өзіндік үні, өз әлемі бар, ұлттық поэзияның терең тамырлы тұлғасы. Оның шығармалары ұлттың болмысын, рухани әлемін, адамзаттық құндылықтарды терең пайымдауға шақырады. Ақынның өмірі мен өнегесі – сөзге, рухқа, арға адал болудың үлгісі.



ОЖАСАР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



ерекше намыс бар. «Қазақ еліне жеңіс сыйлаймын» деп өзі алға ұмтылады. Біз тек қолдау көрсетеміз. Бар еңбегі мен табандылығының арқасында осындай жетістіктерге жетіп отыр, — дейді әкесі Жұмабек Бисалиев.

Жасөспірімнің қабілетін шыңдауға көмектескен жаттықтырушысы Ержан Шақенов 10 жастағы оқушылар арасындағы Қазақстан чемпионатына дайындалып жатқанын айтты.

— Біздің мақсатымыз — Алишамен бірге тек әйелдер арасындағы әлемдік шахмат рекордын жанарту ғана емес, сонымен қатар әйелдердің де лайықты түрде бәсекелесе алатынын бүкіл әлемге дәлелдеу, — деді ол.

Бүгінгі бала кейіпкеріміздің есімі ертең әлем мойындайтын үлкен есімге айналатыны сөзсіз. Өйткені табандылық пен талант қатар өрілген жерде жеңіс те алыс болмайды.

Инжу МАРЖАН



Ұлжаркын Әбдіғалбарова «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» атты кітабында әр бұрымның мәнін пайымдайды. Соның бірі — «қошқар мүйіз». Ол еңбегінде: «Қошқар мүйіз — қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Ол қазақ бұйымдарында түрлі формада кездеседі. Әсіресе киіз үй

СӨЙЛЕЙТІН СЫРЛЫ СЫЗЫҚТАР

Ою — қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасы мен рухани байлығының көрінісі. Ол ұлттың бойына сіңген дәстүрін, ғалымдардың философиялық ойын, елдің еркіндікке жету жолын бейнелейтін құрал.

Оюдың әрбір элементінде өзіне тән сыр мен символ бар. Ою-өрнектер халықтың дүниетанымын, табиғатқа деген көзқарасын, өмірге құштарлығын бейнелейді. Олар киім-кешекте, тұрмыстық заттарда, сәулет өнерінде, зергерлік бұйымдарда кеңінен қолданылып, ұлттық бірегейліктің символына айналды. Қазақ ою-өрнегінің тарихы көне заманнан басталады. Алғашқы ою жартас суреттерінде, көне сақ және ғұн қорғандарынан табылған бұйымдарда кездеседі. Көшпелі өмір салты, табиғатпен байланыс ою-өрнектердің қалыптасуына үлкен әсер етті. Халық өздерін қоршаған әлемді, жануарлар мен өсімдіктер, аспан денелерін символ түрінде бейнелеп, олардың халық есінен өшпеген ерекше мән берді. Мал шаруашылығы, аңшылық, табиғат құбылыстары — бәрі де ою-өрнектің мазмұнына арқау болған.

жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мысалы текеметтің ортасына «қошқар мүйіз», шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі» — деп жазған.

«Мүйіз ою» — мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен «мүйіз ою» аталуы сөзсіз. Түскіздің шетіне, көбіне қолтықшасына өрнектеледі. Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып, қолтық деп аталады. Мұнысы, қош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып дем алыңыз деген қонақжайлық белгісі. Александр Македонский: «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көремін. Сөйтсем мен қазақтың киіз кітабының үстінде дем алып отырған екенмін. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен», — деп айтқаны жөнінде аңыз да бар. Бұл да қазақшылықтың кішіреймес ізгілігінің бейнесі.

Иә, қойдың белін буып, киіздің кескінін келтіретін заман өтті. Қазір ою-өрнекті байырғыдай қалыпта көру қиын. Алайда заманның талабына қарай бұл ерекше өрімдер өмірге қайта келді. Бүгінде ою-өрнек тек көрпе, ыдыс, киім-кешекте ғана емес, сәулет, дизайн мен сән өнерінде де қолданысқа ие. Кәдесыйларда, жарнамаларда, кенсе тауарларында, тіпті цифрлық дизайн мен графикада да қазақ ою-өрнектерінің элементтері кездеседі. Бұл ою-өрнектердің мәңгілігін, олардың заман талабына сай бейімделе алатын қасиетін көрсетеді.

Қазақ өнерінде ой-өрнектің алар орны бөлек. Ол ғасырлар бойы ұлттың наным-сенімін, бірегейлігін өз бойына сіңірген ерекше қазына. Сондықтан елдің тарихын ерекше қастерлеп, жүректің жанында тұмардай ұстайық!

Мерей ШӨКРАТ



НЕСИЕ

әйтеуір, азып-ашып бірдене қылмақ.

— Апа, сәл күте тұрыңыз. Компьютер қатыңқырап тұр.

Менеджер қыз барынша тырысты. Бетін әжім торлап, өңі қашқан Қатира апаға көзінің астымен қарап қояды. Осыныша пұшайман күйге түсірген не нәрсесі екенін сұрағысы келді. Бірақ жараның бетін тырнап, жанына бата ма деген де қорқынышы бар.

— Апа, осыныша ақшаны не істемексіз? Зейнеткерлерге көбіне бере бермейді. Лимит қойылған. Жағдайыңызды айтсаңыз, басшылыққа кіргізейін, — деді даусы дірілдеп.

Оты сөнген жалғанда жанына демеу болар бір жан табылғандай қуанған қария қыздың қолынан ұстады. Жанардан аққан жас бетін жуған. Әлден уақыттан бері айтуға батылы да бармай тұр еді.

— Балам-ай, өмір ғой. Тағдыр басқа салған екен. Төрт баланы бірдей өсіріп, жеткізіп, марқұм құйеуімнің жоғын білдірмей едім. Үлкендері үй-жай болған. Енді кішкентайым бар еді... Кеше оқу бітіріп келген. Енді жұмысқа тұрғызуға екі миллион теңге керек болып тұр. Бар шыным осы. Төрден көрге жақыным, алдап қайтейін?!

Бір уақытта қарияның телефоны шырылдады. Деректірілген қолымен тұтқаны көтерді.

— Не қылдың?

— Ботам-ау, амансың ба? Алдымен амаңдық сұрасайық.

— Амаңдығыңды қайтейін, мен жұмысқа тұруым керек. Қатарластарымның барлығы орналасып болды. Сен мені туған екенсің, жұмысқа тұрғызуға міндеттісің.

Арғы жактан тұтқаны қоя салды.

— Әбден еркелетіп өсіргенмін. Кенжем ғой, — деді ақталған болып Қатира апай.

Жарық өмір сыйлаған анасымен бұлай сөйлескеніне таңырқай қараған менеджер қыз қарияға барынша жылы сөйледі. Тіпті несиеге тапсырыс беріп қойып, оны күтемін дегенше күту залына апарып, ыстық шай ұсынды. Өңгімелесті. Оның дәл бұлай асты-үстіне түсіп, бәйек болып жүргеніне қасындағы әріптестері мұрнын тыржита қараған. Бірақ менеджер қыз оның ешбіріне мән бермеді. Өйткені олардың ешбірі Қатира апайдың жан дүниесіндегі мұң мен қайғыны түсіне алмас еді...

Қатира апаның үлкен балалары өз алдына үй болып кеткен. Барлығын жақсы оқытты. Тәрбие де берген. Бірақ білім қуған балалардың бірі Америкада тұрады. Сол жақтың салты мен дәстүрін бойына жиган ол бір ағылшын қызыбен отасқан. Қазір туған шаңыраққа ат ізін салмағанына да көп болды. Тіпті хабар да алмайды. Тағы бір перзенті дардай бір мекемені басқарады. Ана-

сы мен жарының ойы бір жерден шыға бермеген соң, бір-ақ күнде кетіп тынды. Қазір ол отбасымен Астанада тұрады. Бірақ туған шешесінің бүгінгі хал-жағдайы оны да ойландырмайды. Қызы Қалимаш ауылға тұрмысқа шыққан. Жолдасы да — жалғыз тұяқ. Екеуі бірге жүріп, тырбанып келеді. Өзінің перзенттерін өрен жеткізеді. Қатира апа олардан көмек күтпейді. Қолында болса, бергенді жақсы көреді. Жанында бары кенжетайы ғой. Ол да әлі күнге қарт ананың зейнетақысына күнелтеді. Өңгімесі әлгіндегідей.

— Апа, жауап келді, — деді менеджер қыз.

Қатира апаның қуаныштан жүзі бал-бұл жайнап, бір мәселесі шешілгендей қуанды. Қолына екі қағаз ұстатып, соған қол қойдырып алды да, қолына екі миллион теңгені ұстата салды.

— Апа, әр айдың 10-ы күні несиеңізді мына шот арқылы төлейсіз. Ұмытып кетпеңіз.

«Егер де мені басып қалса, жұмысқа алғаным үшін ешқашан ақы талап етпеймін» деді ол ішінен.

Қатира апа кеткен соң менеджер қыз оның қол қойған қағазын қоқыс шелекке тастады. Өйткені несиеңі өзінің атынан рәсімдеген еді... Ал апайға берген шот нөмірі өзінің есепшоты болатын.

Аян СПАНДИЯР



— Балам, маған екі миллион керек. Шыға ма екен? Қатира апа көзілдірігін сүрттіп отырған болып, жанарын төмен салды.

Үкіметтің берген зейнетақысына үміттеніп келіп отыр. Пәлен жыл бойына маңдай терін сылып алып, савхозда жұмыс істеген. Жолдасы сушы болды. Өзі — аспаз. Жасы жер ортаға келгенде жолдасы өмірден өткен соң балаларды жеткізу, құтты орнына қондыру деген бейнеттің бәрі жалғыз өзінің мойнына артылған. Содан болса керек, еңсесін бір көтере алмай қойды. Әрі-беріден соң банктің менеджерінің бетіне де тіке қарай алмай отыр. Қазір шықпады десе, салы суға кетіп кері қайтпақ. Қазірдің өзінде итке бір сүйек қарыз. Банктен несие шыкса,

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / **сайт:** aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Әлия ТӘЖІБАЙ

Таралымы: 6479
Тапсырыс: 1805